

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ АКАДЕМИЯСЫ**

Ішкі істер органдары әкімшілік қызмет кафедрасы

Б.О. Ильяс

**«ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚЫЗМЕТ»
(ЖАЛПЫ БӨЛІМ)**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ



**Қостанай,
2022**

УДК 351/354 (075.8)

ББК 67.401. я73

И 46

ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының
Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылған

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

М.А.Сахратов - Қостанай қаласының Полиция басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі.

Е.Е. Қайнар – ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы жалпы заң пәндері кафедрасының бастығы философия докторы (PhD), полиция подполковнигі.

Б.О. Ильяс

И 46 Ішкі істер органдарының әкімшілік қызмет (жалпы бөлім) / Б.О. Ильяс: Оқу құралы. – Қостанай: ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2022. – 109 б.

ISBN 978-601-7931-13-1

Бұл оқу құралының мақсаты ҚР ІІМ оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттарын оқытудың теориялық бағытын нығайту болып табылады.

Оқу құралының негізгі бөлімінде ІІО ӘҚ пәнінің жалпы бөлімінде көзделген тақырыптар бойынша, теориялық жүйелері ашық қарастырып ұсынады. Оқу құралы ІІО әкімшілік полиция бағыты бойынша білім алатын курсанттар мен тыңдаушыларға қызығушылық танытады, сол сияқты барлық білім алушылар мен ізденушілерге арналған.

УДК 351/354 (075.8)

ББК 67.401. я73

ISBN 978-601-7931-13-1

© ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы, 2022

МАЗМҰНЫ:

Қысқартылған сөздер	4
Кіріспе	5
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР	
1. ПО әкімшілік қызметінің мәні, міндеттері, құрылымы, әдістері мен негізгі бағыттары.	6-9
2. ПО-да қызмет өткерудің құқықтық негіздері.	10-16
3. Жалпы басқару функцияларын жүзеге асыратын ПО бөлімшелерінің қызметін ұйымдастыру.	16-26
4. ПО әкімшілік қызметінің мазмұны, нысандары және әдістері.	26-31
5. ПО әкімшілік қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету.	31-42
6. Әкімшілік қадағалау.	42-52
7. Ішкі істер органдарындағы мәжбүрлеуді қолдану.	52-67
8. Ішкі істер органдарының әкімшілік юрисдикциялық қызметі.	67-77
9. Құқықтық тәртіпті қолдауға азаматтардың қатысуының құқықтық нысандары.	77-86
10. Тылдық, қаржылық қамтамасыз ету қызметтерінің және ақпараттық бөлімшелердің құқықтық жағдайы және ұйымдық құрылымы.	86-95
11. Әкімшілік сыбайлас жемқорлықтың ескерту және алдын алу.	95-107
Ұсынылатын әдебиеттер:	108

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕРІ

АЕК - айлық есептік көрсеткіш

АЕАК - ақпараттарды есепке алу кітабы

АПБ - аудандық полиция бөлімі

ӘЗЗҚ - әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау

ӘПБ - әкімшілік полиция бөлімі

ӘҚБтК – әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі

БҒМ – білім ғылым министрі

ЖБО - жедел басқару орталығы

ЖКО - жол көлік оқиғасы

ЖПБ - желілік полиция бөлімі

ЖПҚ - жергілікті полиция қызметі

КТІЖ УПИ - кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы

ҚАПБ - қалалық аудандық полиция бөлімі

ҚК - қылмыстық кодекс

ҚҚҚ - құқық қорғау қызметі

ҚПБ - қалалық полиция бөлімі

ҚПК - қылмыстық процестік кодекс

ҚТҚ - қоғамдық тәртіпті қорғау

ПБ - полиция бөлімі

ПД - полиция департаменті

ПП - патрульдік полиция

УПИ - учаскелік полиция инспекторы

УПП - учаскелік полиция пункті

ҰҰ - ұлттық ұлан

ҰҚК – ұлттық қауіпсіздік комитеті

ІМ - ішкі істер министірлігі

ІО - ішкі істер органдары

ТД - тыл департаменті

ТДҚ - тыл департаментін қамтамасыз ету

ТЖ - төтенше жағдай

ТҚД - техникалық қызмет департаменті

Кіріспе

«ІО Әкімшілік қызметі» - Қазақстан Республикасы ІІМ оқу орындарында оқытылатын арнайы заң бағытындағы пән болып табылады. Аталған курста мемлекеттің құқық қорғаумен басқарудың мазмұны мен ерекшеліктері, ішкі істер орган саласындағы басқарудың елеулі объектісі қоғамдық тәртіптің мәні, ішкі істер органдарының қызметінің мазмұны мен қағидалары, міндеттері, ұйымдастырылуы, қызмет бағыттары, субъектілері, ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің мазмұны, нысандары және әдістері, осы салада болатын қоғамдық қатынас және осы қызметті реттейтін әкімшілік құқық нормалары оқытылады.

Ішкі істер органдарының мәні мен маңызы, оның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында басқаруды жүзеге асыруда терең білім беру, тыңдаушылар мен курсанттардың ішкі істер органының әкімшілік қызметін реттейтін заңдарын дұрыс білуге, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қандай да болмасын сұрақтарын дұрыс шешілуін білу және оны қолдануға баулу. Ішкі істер органдарының жұмысын, аппараттары мен қызметтерін, әкімшілік қызметтің мазмұнын, нысандары және тәсілдерін, әдістерін, сондай ақ заңдылықты қамтамасыз ету әдістерін, әкімшілік қызметінің жеке түрлері, бағыттары және жүзеге асыру жолдарымен, әкімшілік қызметтің түрлері мен бағыттарын реттейтін құқықтық негіздермен, ішкі істер органдарының қарау құзыретіне жататын әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарсы әкімшілік құқықтық күресті ұйымдастыру тактикасымен, күнделікті және ерекше жағдайларда қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді ұйымдастырумен таныстыру.

Курсты оқуда ең басты орын құқықтық мемлекетті қалыптастыру, еліміздегі заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға қатысты заң шығарушы және атқарушы органдарының заң актілеріне беріледі.

1. Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің түсінігі және құқықтық реттеулі.

Әкімшілік полициясы - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетін құрайды. Ішкі істер министрлігінің құзыреті шегінде қоғамдық тәртіпті сақтау, мемлекеттік күзетілуге тиіс объектілердің қауіпсіздігі, көші-қон заңнамасын сақтау, күзет қызметін жүзеге асыру, арнайы мекемелерде ұсталатын адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Әкімшілік полицияның негізгі міндеттері:

- қоғамдық тәртіпті сақтау;
- қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- қылмыстар мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды анықтау;
- қылмыстарды алдын алу және жолын кесу;
- қылмыстарды ашу;
- кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қадағалаусыз қалуды анықтау және жолын кесу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзырет шегінде анықтауды және әкімшілік өндірісті жүзеге асыру;
- заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл жасау және шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағында болу мәселелері жөніндегі заңнаманы сақтауын бақылау, виза жұмысын жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының азаматтығына байланысты мәселелерді қарау болып табылады.

Әкімшілік полиция - жергілікті полиция қызметінен, азаматтық және қызметтік қару айналымы саласындағы бақылау бөлімшелерінен, көші-қон полициясынан, айдауылдау қызметінен, уақытша ұстау изоляторы, қабылдау-тарату мекемесі, арнайы қабылдау мекемесінен және қоғамдық тәртіпті сақтауды жүзеге асыратын өзге де бөлімшелерден тұрады.

Әкімшілік қызметтің қандай да болмасын бағытында болатын қоғамдық қатынастар ерекшелігі, біріншіден арнаулы құқықтық актілердің болуымен, ал екінші жағынан осы актілерді өмірлік ортаға кіргізу әрекеттерінің ерекше нысаны себепші болады.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі – мемлекеттің ішкі саласындағы міндеттері мен қызметтерін іс жүзіне асыруда өкілеттік шеңберінде заңмен белгіленген нақты, күнделікті, мақсатты атқарушы-өкімді қызметі.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің ерекшеліктері.

Мемлекеттік өкімді орталықтан басқару мен жергілікті жерлерде басқарудың үйлесімділігі, ұйымдастырушы заңнан туындайтындығы өкілді органдарға бағыныштылығы және бақылаулығы алдын алу бағыттылығы.

ПО әкімшілік қызметінің әлеуметтік-құқықтық қағидалары:

- адамгершілік;
- әлеуметтік;
- демократизм;

- халықтың сенімі мен қолдауына сүйену;
- заңдылық;
- жариялылық пен кәсіби үйлесімділік.

Ұйымдастыру қағидалары:

- салалық;
- жергілікті;
- жүйелі;
- қызметтік;
- қос сатылы бағыныштылық;
- өкілеттілікті тиімді бөлу;
- жұмыс нәтижесіне жауапкершілік.

«ПО әкімшілік қызметі» пәні шеңберінде полицияның ішкі істер органдарының негізгі функцияларын әкімшілік-құқықтық тәсілдермен іске асыру мәселелері қаралады.

Осылайша, «полицияның әкімшілік қызмет» пәні-әкімшілік-құқықтық тәсілдермен жүзеге асырылатын, оның алдында тұрған міндеттерді іске асырудағы полицияның практикалық құқық қолдану заңдылықтары.

«Полицияның әкімшілік қызметі» - бұл жалпы құқық қорғау қызметін, полицияның, оның қызметтері мен бөлімшелерінің құқық қорғау қызметін реттейтін заңнамаға негізделген құқықтық тәртіп.

«Полицияның әкімшілік қызметі» пәнінің мақсаты курсанттар мен тыңдаушыларда қоғамдық тәртіпті сақтау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмысқа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметтік міндеттерін жоғары кәсіби деңгейде орындау үшін қажетті теориялық білім, практикалық дағдылар кешенін қалыптастыру болып табылады.

«Полицияның әкімшілік қызметі» оқу пәнінің нысаналы мақсаты келесі міндеттерді шешуді көздейді:

- курсанттар мен тыңдаушылардың полицияның қатысуымен Әкімшілік құқықтық қатынастарды регламенттейтін нормативтік құқықтық актілердің жалпы ережелерін зерделеуін және меңгеруін, сондай-ақ Әкімшілік құқық нормаларын заңды және тиімді қолданудың іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз ету;

- полицияның әкімшілік құқықтың оң және заңды институттарын іске асыру тетігін ашу;

- полицияның әкімшілік құқық нормаларын жүзеге асыру формаларына сипаттама беру және курсанттар мен тыңдаушыларды оларды пайдалануға үйрету;

- қатысушылардың бірі полиция болып табылатын әкімшілік-юрисдикциялық құқықтық қатынастарды сипаттау, сондай-ақ көрсетілген қатынастар шеңберінде полицияның әртүрлі қызметтері мен бөлімшелері

қызметкерлерінің құқықтық субъектілігін іске асырудың практикалық негіздерін беру;

- полиция қызметкерлерін ҚК-де қорғаныс іс-қимылдарына дайындау - олардың құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне қол сұғушылық фактілерінен қорғау және қауіпсіздік шараларын жүзеге асыру.

Ішкі істер органдарының әкімшілік қызметінің негізгі міндеттері:

- Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті, соның ішінде төтенше немесе әскери жағдай ахуалында қамтамасыз ету;

- заңда көзделген өздерінің құзыреті шегінде алдын ала тергеу, анықтама мен әкімшілік іс жүргізуді жүзеге асыру;

- сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұстаудың және әкімшілік жолымен қамауға алынғандарды ұстау орындарында құқық тәртібі мен режимін қамтамасыз ету;

- өз құзіреті шеңберінде жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз ету мемлекеттік бақылау мен қадағалау;

- төлқұжат және виза беру жұмысын жүргізу, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ азаматтардың ҚР-ның аумағында болу тәртібін сақтау бақылау;

- өзге де мемлекеттік органдарымен бірлесіп, оның ішінде төтенше жағдайлар кезінде карантиндік, санитарлық және табиғат қорғау шараларын жүргізуге қатысу, табиғат қорғау органдарына сұғанақ аншылыққа қарсы күресуде жәрдем көрсету;

- ҚР-ның заңдарына сәйкес лицензиялық және рұқсат етушілік қызметті жүзеге асыру;

- қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, қылмыстарды ашу және тергеу, іздестіру;

- қылмыстық жаза мен әкімшілік жазалау шараларын жүзеге асыру;

- кәмелетке толмағандардың қараусыздығы мен құқық бұзушылығын анықтау және жолын кесу;

- қажет боған жағдайларда мемлекеттік өрттен қорғау қызметі органдарына өрт қауіпсіздігін қамтамсыз етуде жәрдем көрсету.

Құқық қорғаумен басқару ерекшеліктері.

Құқық қорғаумен басқару басқа сферадағы және саладағы басқару сияқты өзін бір мақсатқа бағытталған ұйымдастырушы қызмет ретінде көрсетеді. Басқару объектісі мен субъектісінің болуын және олардың арасындағы тіке және кері байланыстарды көрсетеді.

Құқық қорғау ауқымындағы басқарудың субъектісі болып мемлекет органдары және жеке бір өкілеттілікке ие лауазымды тұлғалары; қоғамдық бірлестіктер және олардың Құқық қорғау ауқымындағы басқару міндеттерін жүзеге асыру бойынша арнайы құқықтарға ие болатын өкілдері; қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын азаматтар.

Құқық қорғау ауқымындағы басқарудың объектісі болып азаматтар, топтар, адамдардың ұжымы, мемлекеттік органдар және олардың

қызметкерлері қоғамдық бірлестіктер және олардың қызметшілері мен өкілдері.

Басқарудың объектісі мен субъектісі арасындағы тура және кері байланыстар бір жағынан басқару субъектісінен шығатын бұйрықтар олар әлбетте орындаулуын және биліктік мінезге ие болып табылады. Ол екінші жағынан басқару, басқару объектісінен келіп түсетін ақпараттар, оның жағдайын, басқару субъектісінің бұйрықтарын орындау немесе орындамау туралы жаңалықтарда көрсетеді. Құқық қорғау ауқымындағы басқарудың мазмұны мақсаттарды жүзеге асыру қызметін, міндеттері мен тапсырмаларын құрады. Олар әдістерге сәйкес бекітілген формада жүзеге асырылады.

Құқық қорғау ауқымындағы басқарудың негізгі мақсаты мемлекеттегі заңдылық пен құқықты қорғау, азаматтардың заңға қызығушылығын және еркіндігін, өнеркәсіп ұйымдармен бөлімдерді қорғау.

Бұл мақсатта қоғамдық тәртіпті сақтау мен және қылмыспен күресу, жеке мүлікті күзету, сотталғандарды тәрбиелеу мен тузеу бойынша қылмыспен құқық бұзушылықтың алдын-алу тапсырмаларды нақтыланады.

Құқық қорғау ауқымындағы мемлекеттік билікке органдарының құзіреті қаралып жатқан ортадағы міндеттердің көлемінен құралады. Өкілдік және атқару билігінің мемлекеттік органдары Құқық қорғау ауқымында жалпы басшылықты жүзеге асырады. Олар ҚР Құқық қорғау ауқымындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын анықтайды. ҚР Президенті Мемлекеттің басшысы мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халқаралық қатынастарды Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға. Мемлекетті басқару және мемлекеттік билік органдарының жоғары жүйесінде Президент шешуші роль атқарады. ҚР Конституциясы заң шығарушылық ауқымынды біртекті құқықтарды ұсынады. ҚР Президенті заң шығару құқығына ие емес, бірақ ол ҚР Конституциясына енгізулер мен толықтырулар кіргізуге құқығы бар. ҚР Президенті ҚР территориясында міндетті күшіне ие жарғылармен бұйырықтарды шығарады, олар Құқық қорғау ауқымына, қоғамдық тәртіпті сақтауға, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және қылмыспен күресуде қатысты болады, олар Конституциялық заңмен қаралған, ҚР Парламентінің және өкіметін хабарлау арқылы ҚР территориясында төтенше жағдай жариялауға: Құқық қорғау Министрлігінің қызметіне тағайындауға және алып тастауға және басқа да әрекеттерді қабылдайды. Олар қоғамдық қауіпсіздікпен құқықтық тәртіпті қатайтуға бағытталады.

2. ПО-да қызмет өткерудің құқықтық негіздері

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі бірінші кезекте «Мемлекеттік қызмет» ұғымын жаңғыртуды көздейді, ол «ұлтқа (қоғамға) қызмет ету» ұғымының синонимі болуға және Мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халыққа бағдарлануды білдіруге тиіс.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі адами фактордың маңыздылығын тануға және тиімді кадр жұмысын жүргізуге бағдарланған, бұл оны кәсібилендірудің негізгі факторы болып табылады. Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі тиімді кадрлық тетіктерді - Мемлекеттік қызметке кірудің тиімді және ашық тәртібін, мемлекеттік қызметшілердің үздіксіз кәсіби даму мүмкіндігін, жұмыс нәтижелері мен көтермелеу жүйесінің өзара байланысын қалыптастыруға бағытталған.

Мемлекеттік қызметтің жаңа моделінде мемлекеттік саясатты іске асырудың тиімділігін кәсіби қамтамасыз ететін жоғары мемлекеттік әкімшілік қызметшілер корпусы қалыптастырылып, мемлекеттік қызметке кіру және оны өткеру тетіктері түбегейлі жетілдірілетін болады.¹

Осылайша, «Қазақстан – 2030 және 2050» стратегиясының ережелерін негізге ала отырып, Мемлекеттік қызметтің жаңа моделін қалыптастырудың үш тұғырлы мақсаты мыналар болып табылады:

- 1) тиімді кадр саясаты және Мемлекеттік қызмет жүйесіндегі адами капиталды басқару жүйесі;
- 2) мемлекеттік қызметтер көрсетудің жоғары сапасы және мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігі болып табылады;
- 3) мемлекеттік қызметшілердің оң имиджі және мінез-құлық әдебі болып табылады.

1. Қызмет өткерудің жекелеген тетіктерін дамытудың тұжырымдамалық проблемалары және оларды шешу жолдары.

Ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрам лауазымдарына орналастыруға қойылатын талаптар

1. Құқық қорғау органдарына қызметке отыз бес жастан аспаған, тиісті білімі бар және әскери қызмет өткерген немесе Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери оқытылған резервті даярлау жөніндегі әскери дайындықтан өткен азаматтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мерзімді әскери қызметке әскерге шақырудан босатылған немесе кейінге қалдырылған азаматтар қабылданады.

«Құқық қорғау қызметіне» туралы Заңына сәйкес Ішкі істер органы басшысының шешімі бойынша орта және аға басшы құрам лауазымына отыз

Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

бес жастан асқан, жоғары кәсіптік даярлығы не белгілі бір мамандықтар бойынша едәуір жұмыс тәжірибесі бар адам қабылдануы мүмкін.

2. Қатардағы және кіші басшы құрам лауазымдарына құқық қорғау органының лауазымдары санатына қойылатын біліктілік талаптарына байланысты кемінде орта білімі бар азаматтар қабылданады немесе қызметкерлер тағайындалады.

Орта басшы құрам лауазымдарына ішкі істер органының лауазымдары санатына қойылатын біліктілік талаптарына байланысты техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар азаматтар қабылданады немесе қызметкерлер тағайындалады.

3. Мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын әскерге шақыру жасындағы азаматтар орта және аға басшы құрам лауазымдарына жоғары білімі болған жағдайда ғана қабылдана алады.

4. Аға және жоғары басшы құрам лауазымдарына жоғары білімі бар азаматтар қабылданады немесе қызметкерлер тағайындалады.

Қол жеткізілген нәтижелерге байланысты қызметкерлердің еңбекақысын саралауды белгілеу арқылы қызметкерлерді құқық қорғау органдарында қызметке ынталандыру жүйесі ерекше назар аударуды талап етеді, ол үшін әрбір лауазым бойынша разрядтар енгізу көзделеді.

Қызмет өткерудің негізгі кезеңдері:

1. ПО-ға қызметке кандидаттарды іріктеу. Сынақ мерзімі, тағылымдама;

2. ПО қызметкерлерін бастапқы оқыту;

3. ПО-ға қызметке қабылдау. ПО-дағы лауазымдарға үлгілік біліктілік талаптары;

4. Арнаулы атақтар беру;

5. ПО білім беру ұйымдарында мамандар даярлау;

6. Демалыспен қамтамасыз ету;

7. Қызметтік аттестаттау;

8. Кадр резервін қалыптастыру қағидалары;

9. Қызметте жоғарылату және ауыстыру тәртібі;

10. Қызметтік тәртіп: көтермелеу тәртібі, қызметтік тексеру жүргізу және жазалау шараларын қолдану тетігі, тәртіптік комиссияның қызметін ұйымдастыру;

11. Сыныптық біліктілікті беру тәртібі;

12. ПО-дан босату. Зейнетақымен қамсыздандыру.

Қызметке үміткерлерге қойылатын биометриялық талаптар.

«II баған бойынша талапкерлердің бойы кемінде 170 см (әйелдер үшін - 165 см), Ішкі істер органдарына қызметке тұратындарға және Қазақстан

Республикасы Ішкі істер министірлігінің жоғары оқу орындарына түсетін кандидаттарға бойы кемінде 170 см (әйелдер үшін - 160 см)

«Осы Талаптардың I, III, IV бағандарына жатқызылған лауазымдардан қатардағы және басшы құрамдағы адамдарды ауыстыру кезінде II баған бойынша лауазымдарға: бойы кемінде 170 см (әйелдер үшін - 165 см), жол полициясының саптық бөлімшелері қызметкерлерінің лауазымдарына бойы кемінде 175 см (әйелдер үшін - 165 см) есепке алу міндетті».

Арнаулы атақтар беру ҚР Ішкі істер органдарында қызмет өткерудің кейбір мәселелері бойынша бірінші, кезекті және кезектен тыс арнаулы атақтар беру үшін материалдарды ресімдеу мәселелері жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі. ҚР ІІМ 2011 жылғы 27 мамырдағы №246 бұйрығы.²

Арнаулы атақтағы еңбек сіңіру мерзімі қызметкерге тиісті арнаулы немесе әскери атақ берілген күннен бастап есептеледі, бұл ретте еңбек сіңірген мерзімге лауазымдардағы нақты қызмет уақыты (атақ берілген, ІО кадрларына қабылданған күннен бастап жұмыстан босатылған күнге дейін) кіреді. «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін арнаулы атақтар берілген қызметкерлерге осы арнаулы атақтарда еңбек сіңіру мерзімдері «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін қолданыста болған заңнамаға сәйкес есептеледі.

Басшы құрамның арнаулы атақтарын беруге уақтылы ұсынылуына, сондай-ақ ұсыныстарда көрсетілген мәліметтердің анықтығына жауапкершілік пен бақылау ІО бастықтарына және кадр аппараттарына жүктеледі.

Жеке құрамы үшін өзге арнаулы атақтар белгіленген, бір қызметтен (бөлімшеден) екіншісіне ауыстырылған қызметкерлерге мұндай атақтар «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 7-тармағында көзделген тәртіппен беріледі. Бұл ретте жаңа арнаулы атақ қызметкердің арнаулы атағынан төмен болмауға тиіс.

Кезекті арнаулы атақты мерзімінен бұрын немесе атқарып отырған лауазымы бойынша штатта көзделгеннен бір саты жоғары беруге ұсынымда қызметкердің қандай нақты сіңірген еңбегі немесе жұмыстағы көрсеткіштері үшін атақ беруге ұсынылғаны көрсетіледі, бұл ретте міндетті түрде атақты мерзімінен бұрын немесе бір саты жоғары бергені-бермегені көрсетіледі, бұл ретте бұйрықтың нөмірі мен күні көрсетіледі. Кезекті арнаулы атақ беруге байланысты даулы мәселелер туындаған кезде әрбір жағдай бойынша шешімді аттестаттау комиссиясы шығарады.

² «ҚР ІО-да қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы» ҚР ІІМ 2011 жылғы 27 мамырдағы №246 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1100007032> (01.04.2022ж)

Басшы құрамның кезекті арнаулы атақтарын беру туралы ұсыным ПО кадр аппараттарына қолда бар атақтағы еңбек сіңіру мерзімі аяқталғанға дейін 15 күннен кешіктірілмей жіберіледі. Арнаулы атақта еңбек сіңіру мерзімі күнтізбелік есептеумен айқындалады.

ПО-ға қызметке қабылданған адамдарға орта және аға басшы құрамның алғашқы арнаулы атақтарын беруге ұсыныстар оларды лауазымға тағайындағаннан кейін бір апта мерзімде ресімделеді.

ПО-ға қатардағы және басшы құрам лауазымдарына қызметке қабылданған адамдарға қатардағы және басшы құрамның алғашқы арнаулы атағын беру туралы бұйрық бір мезгілде ПМ кадрларына қабылдау актісі болып табылады.

Министрліктің жоғары оқу орындарында күндізгі оқуды аяқтағаннан кейін тыңдаушыларға (курсанттарға) арнаулы атақтар беруді оқу орындары бастықтарының немесе Министрліктің кадр аппараты Басшысының ұсынуы бойынша Министр жүргізеді.

«Полиция капитаны» арнаулы атағы бар қызметкерлерге ПД, КПД бастықтарының ұсынуы бойынша оларға тең және одан жоғары ПД-нің бұйрығымен запасқа шығарумен немесе қызметте болудың шекті жасына, денсаулық жағдайына жетуі немесе штаттарды қысқартуы бойынша әскери есептен шығарумен бір мезгілде «полиция майоры» кезекті арнаулы атағы беріледі, егер олардың еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы тағайындау кезінде ескерілетін күнтізбелік есептеуде 25 және одан да көп еңбек сіңірген жылдары болса, берілген атақта белгіленген қызмет, олар бойынша «полиция капитаны» арнаулы атақтары белгіленген және оң сипатталады.

Бала 3 жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша әлеуметтік демалыста жүрген ПО-ның қатардағы және басшы құрамындағы адамдарға бұл уақыт арнаулы атақтағы еңбек сіңірген мерзіміне, сондай-ақ лауазымдық айлықақыны есептеу үшін коэффициентті белгілеу үшін стажға есептеледі, ол ПО-дағы үздіксіз қызмет стажына қарай, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау үшін, стажға қандай да бір жеңілдіктер алуға байланысты болатын басқа да жағдайларда айқындалады. Алдыңғы атақта белгіленген еңбек сіңіру мерзімі өткеннен кейін, атқаратын лауазымы бойынша шекті атақ сәйкес келген кезде оларға атақ беру кезінде қызметкердің органның қарамағында болғанына немесе болмағанына қарамастан, кезекті арнаулы атақ беріледі.

Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне көтермелеуді қолдану қағидалары "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 55-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлеріне көтермелеуді қолдану тәртібін анықтайды.

Міндеттерін үлгілі атқарғаны және қызметте оң нәтижелерге қол жеткізгені үшін қызметкерлерге мынадай:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) біржолғы ақшалай сыйақы;
- 3) бағалы сыйлықпен марапаттау;
- 4) Грамотамен марапаттау;
- 5) Құрмет грамотасымен марапаттау;
- 6) ІО ведомстволық медальдармен және төс белгілермен наградтау;
- 7) мерзімінен бұрын кезекті арнаулы атақ беру;
- 8) атқаратын штаттық лауазымы бойынша көзделген арнаулы атақтан бір саты жоғары арнаулы атақты беру;
- 9) кезектен тыс арнаулы атақ беру;
- 10) "Құрмет кітабына" енгізу;
- 11) құрметті атақ беру;
- 12) Алғыс хатпен марапаттау;
- 13) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарының аумағынан он тәулікке дейінгі мерзімге кезектен тыс шығуды беру көтермелеулері қолданылады.

Құқық қорғау органдарында бұрын қызмет өткерген орта және аға басшы құрамдағы адамдарға ІМ кадрларына қайта қабылданған кезде, Егер құқық қорғау органдарындағы бұрынғы қызметі кезеңінде олар берілген атақта белгіленген мерзімде қызмет етсе, ал жаңа атақ атқаратын лауазымы бойынша шекті Атақтан аспаса, өздерінде бар арнаулы атақтан бір саты жоғары арнаулы атақ берілуі мүмкін. Егер құқық қорғау органдарының бұрынғы қызметкерлерінде арнаулы атақ, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, ҰҚК немесе прокуратура органдарының офицерлерінде әскери атақ беру мерзімі оларды Министрліктің кадрына қабылдағаннан кейін аяқталған жағдайда, кезекті арнаулы атақ беруді жиынтық есептеу бойынша - Министр, министрлік комитеттерінің төрағалары, ПД, КПД, ІМ білім беру ұйымдарының бастықтары белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Төменде көзделген жағдайларды қоспағанда, қызметкерлер демалыста және емдеу мекемелерінде емделуде болған кезеңде жұмыстан шығарылмайды. Емдеу мекемесінде үздіксіз емделуде немесе науқастануы бойынша демалыста (туберкулезбен ауыратын науқастар үшін 10 айдан кейін) төрт айлық мерзім өткеннен кейін емдеу мекемесі органның кадр аппаратына емдеуді аяқтауға болатын болжамды уақыт туралы өзінің қорытындысын ұсынады.

Емделуде жүрген қызметкерлер, егер емделгенге дейін жұмыстан босатуды талап етсе, ІО-дан босатылады, бұл туралы жұмыстан босату баянатында көрсетіледі. Белгіленген жас шамасынан тыс қызметте

қалдырылған қызметкерлер, олар қызметте қалдырылған мерзім басталған кезде «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңының 80-бабы 1-тармағының 2) тармақшасы (қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша) не осы баптың 1-тармағының 1) тармақшасы (еңбек сіңірген жылдары және қызметте болудың шекті жасына жетуі бойынша) ПО-дан шығарылуға жатады), ал «Құқық қорғау қызметі туралы» ҚР Заңының 80-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы бойынша (денсаулық жағдайы бойынша) әскери-дәрігерлік комиссияның әскери қызметке жарамсыздығы немесе шектеулі жарамдылығы туралы қорытындысы болған кезде. Қызметте қалдырылған мерзімді өткермеген қатардағы және басшы құрамдағы адамдар сол негіздерде жұмыстан шығарылуы мүмкін.

Қызметтік тәртіпті өрескел бұзуға:

1. Бір жұмыс күні ішінде дәлелсіз себеппен қатарынан үш және одан да көп сағат бойы жұмыста болмауы;
2. Айналадағылар үшін айқын алкогольдік, есірткілік, токсикологиялық масаң күйде (соларға ұқсас) қызметте болуы;
3. Ауыр зардаптарға (жарақаттарға, аварияларға және басқа да зардаптарға) әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін өрт қауіпсіздігі не көліктегі қозғалыс қауіпсіздігі қағидаларын бұзу жатады.

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының қызметкерлерін тәртіптік жазаға тарту қағидалары мен шарттары "Құқық қорғау қызметі туралы" 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабы **2-тармағына** сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары қызметкерлерін тәртіптік жауапкершілікке тарту тәртібі мен шарттарын анықтайды.

Тәртіптік жауапкершілік - тәртіптік теріс қылықтар, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, қызметкерлер көтеретін заңдық жауапкершілік түрі;

Тәртіптік теріс қылық (бұдан әрі - теріс қылық) - қызметкердің өзіне жүктелген міндеттерді құқыққа қайшы, кінәлі атқармауы немесе тиісінше атқармауы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануы, қызметтік және еңбек тәртібін бұзуы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) талаптарын бұзуы, сол сияқты құқық қорғау қызметінде болуға байланысты белгіленген шектеулерді сақтамауы.

Теріс қылық жасағаны үшін ПО қызметкерлеріне тәртіптік жазаның мына түрлері қолданады:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) қызметке толық сәйкес еместігі туралы ескерту;

- 5) атқарып отырған лауазымынан босату;
 - 6) арнаулы атағын бір сатыға төмендету;
 - 7) ішкі істер органдарынан шығару;
 - 8) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрі немесе ПО уәкілетті басшылары берген немесе марапаттаған құрметті атақтарынан, төс белгілерінен айыра отырып, ішкі істер органдарынан шығару;
 - 9) арнаулы атағынан айыра отырып, ішкі істер органдарынан шығару.
- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің білім беру ұйымдарының курсанттарына жоғарыда көрсетілген тәртіптік жазалардан басқа нарядқа кезектен тыс тағайындау (бөлімшені күзетуді қамтамасыз ету жөніндегі нарядқа тағайындаудан басқа), Қазақстан Республикасы ІМ білім беру ұйымы орналасқан жерден кезекті босатудан айыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ІМ білім беру ұйымынан шығару түрінде тәртіптік жазалар қолданылуы мүмкін.
- Құқық қорғау органының беделін түсіретін теріс қылық жасағаны үшін, мемлекеттік қызметтің қадір-қасиеті мен беделін анық түсіретін қатардағы және басшы құрамдағы адамдар қызметтен босатылады, атап айтқанда:
1. Тергеудегі адамдармен, сотталғандармен рұқсат етілмеген байланысқа түсу; тергеудің тергеуіне зиян келтірген жедел сипаттағы ақпаратты;
 2. Заңсыз іс-әрекеттер жасаған азаматтарға жәрдемдесу; қызмет бабын жеке пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалану;
 3. Қоғамдық теріс резонанс тудырған қызметкерлер, оқу орындарының тыңдаушылары мен курсанттары арасындағы жарғыдан тыс өзара қарым-қатынастар;
 4. Кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрлерімен айналысу, оның ішінде коммерциялық делдалдық, сондай-ақ қызмет бабын пайдалана отырып жұмыстар орындау және қызметтер көрсету.

3 «Ішкі істер органдарының құрылымдылық қызметін ұйымдастыру жалпы басқару міндеттерін жүзеге асыру».

Штаб департаменті ішкі істер органдарының қызметін салааралық жедел басқаруды қамтамасыз ететін және жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құрылымдық бөлінісі болып табылады.

Штаб келесіден тұрады:

Басшылықтан;
Ұйымдастырушылық-талдау жұмысы басқармасынан;
Жоспарлау және бақылау басқармасынан;
Үйлестіру басқармасынан;
Есепке алу-тіркеу тәртібін бақылау жөніндегі басқармадан;
Аймақтық бақылау және инспекциялау тобынан;
Кеңседен тұрады.

Штабтарды құру мақсаттары:

Басқару жеделдігінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету;

Басшыға басқарудың жүйесі мен үдерісін ұйымдастыруда көмек көрсету;

Алға қойылған мақсатқа жетуді қамтамасыз ету;

Салааралық қызметтерге көмек көрсету;

ІІБ дамытуға қатысты болжам әзірлеу.

Штаб жұмысының маңыздылығы:

- басқарудың барлық мәселелері жөнінде басшыны толық хабардар ету;

- басқарушылық шешімді негіздеу үшін сараптамалық қорытындылар мен ұсыныстар әзірлеу;

- қызметтерді басқарудың барынша тиімді әдістерін іздеу;

- ұйымдастырушылық жұмыс – штабтың маңыздылығы тұрғысынан алғанда, ең негізгі болып табылады.

Басшының функциялары жалпы және басқарушылық болып 3 түрге бөлінеді:

а) шешім қабылдау және бұйрық беру құқығы (командалық);

б) ІІО мақсатын, қызметтің нақ осы сәттегі (қызмет) бағытын және оған қол жеткізу жолдарын анықтау;

в) жаңа ұйымдастырушылық құрылымдарын қалыптастыру құқығы.

Басшының және штабтың негізгі функциялары мен міндеттерінің салыстырмалы талдауы мынадай түрде орындалады.³

Кесте №1

р/ н	Басшы	Штаб
	Шешім қабылдайды	Терең, тыңғылықты талдау негізінде шешім әзірлеуге міндетті
	Органның жалпы жұмысы үшін жауап береді	Осы жауаптылықты жүзеге асатын етеді
	Негізгі зейінді қызметтің басты шешуші бағыттарына жұмылдырады	Негізгі назарды болмашы жерлерге бағыттайды
	Басқаруды тактикалық жағынан ескермеуі мүмкін	Басқарушылық шешімдерді (ұсыныстар және оларды орындауды ұйымдастыру) дайындауға басты назар аударады

³ «Құқық қорғау қызметі туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV ҚР Заңы (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000380>). (01.04.2022ж).

³ Қазақстан Республикасы ІІМ Штаб-департаменті туралы https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31598316&pos=6;-106#pos=6;-106 (01.04.2022ж)

	Бағыныстылардың іс-әрекетіне дербес жауап береді	Перспектива есебінен анықтауда қателесуге жол бермеуге тиісті
	Әрқашан көз алдында болады	Әрқашан көзге түспейді
	Жеке жұмыс стиліне ие. Құзыреті шегінде мақсатқа жетудің өзіндік жолын таңдай біледі.	Басшының жұмыс стиліне бейімделуі қажет (шешімге қарсы болған жағдайда да)

Осылайша, штаб – басшы қабылдайтын шешімнің, міндеттердің және күштер мен амалдардың көмегімен басқарылатын салааралық мамандандырылған орган.

Штабтық қызметтің объектісі:

- ақпарат
- орган мақсаты
- ресурстар (қызметкерлер құрамы және материалдық-техникалық қамтамасыз ету)
 - ұйымның жай-күйі
 - басқарушылық шешімдер
 - қызметтер мен бөліністер болып табылады.

Штабтың қызметін ұйымдастыру:

Штаб бастығы Штабтың қызметіне жалпы басшылық жасайды және Штабқа жүктелген міндеттерді орындауға және олардың функцияларын жүзеге асыруына, сондай-ақ жеке құрамның қызметтік тәртібі мен кәсіби даярлығының жай-күйіне, заңдылық пен құпиялылық режимнің сақталуына дербес жауап береді.

Штабтың негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары және міндеттері.

Міндеті: Ішкі істер министрінің қызметін ақпараттық-талдаумен қамтамасыз ету.

Штаптың функциялары:

Республикадағы, жеке облыстардағы, қалалар мен аудандардағы жедел жағдайды, қылмысқа қарсы күресте және құқықтық тәртіпті сақтауда күштер мен құралдарды пайдаланудың тиімділігін кешенді талдауды жүзеге асырады;

Шешуді талап ететін ішкі істер органдары қызметінің өзекті мәселелерін айқындайды. ІІМ-нің қызметтерімен бірлесе отырып, облыстардың және көліктегі полиция департаментінің, ІІМ-нің білім беру ұйымдарын тартып, оларды зерделеуді қамтамасыз етеді;

ІІМ орталық аппараты қызметтерінің басқарушылық жұмысының жай-күйін, оның тиісті салалар жөніндегі жұмыстың нәтижелеріне әсер ету дәрежесін талдайды;

Талдау негізінде стратегиялық және операциялық, Алқа жұмысының, ІІМ басшылығы жанында болатын жедел кеңестердің жоспарларына ұсыныстар енгізеді;

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігіне, Қауіпсіздік Кеңесіне, Үкіметке, Үйлестіру Кеңесіне және басқа да жоғары тұрған және консультациялық-кеңесші органдарда заңдылықты, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қылмысқа қарсы күрес бойынша жолдау үшін ішкі істер органдары қызметінің негізгі бағыттары бойынша ақпараттық және есеп беру құжаттарының жобаларын әзірлейді.

Жедел ақпарат жинау және ұсыну тәртібі. Ішкі істер министрлігі Штаб департаменті ЖБО-ға ұсынылатын жедел ақпаратқа қойылатын талаптар:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Штаб-департаментінің Жедел басқару орталығына облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, елорданың және Көліктегі полиция департаменттерінің, ІІМ білім беру ұйымдарының, басқа да аумақтық ішкі істер органдары ұсынатын жедел ақпаратта мына мәліметтер қамтылу қажет:

1) қылмыс жасаудың мән-жайлары туралы (күні, орны, уақыты, себебі, мотиві, тәсілі, тән ерекшеліктері, қылмыс туралы ішкі істер органына келіп түскен уақыты);

2) қылмыстық қол сұғушылық объектісі туралы (атауы, мекенжайы, ведомстволық тиесілігі, оның ішінде объектінің тауарлық-материалдық бағалы заттарды және ақшалай қаражатты сақтау талаптарына сәйкестігі және күзет-өрт немесе дабыл сигнализациясының болуы және жай-күйі, бейнебақылау жүйесі);

3) төтенше жағдайлар туралы ақпаратты беру тәсілі - қолда бар байланыс құралдары бойынша - шұғыл. Төтенше жағдай зардаптарын жою кезеңінде тәулігіне 2 рет сағат 06-00 және 18-00 сағаттағы жағдайда қосымша ақпарат ұсынылады;

4) келтірілген материалдық және өзге де зиян туралы;

5) құқық бұзушылық жасаған адамдар туралы (тегі, аты-жөні, туған жылы тұрғылықты жері, айналысатын кәсібі, атқарып отырған лауазымы, соттылығының бар-жоғы, қандай қылмыстар жасағаны);

6) ұрланған заттар мен автокөлік құралдары туралы (ұрланған автокөліктің, қарудың және басқа да заттардың саны, маркасы, түрі, түсі, шығарылған жылы, нөмірлік белгісі);

7) қаза болғандар, жәбірленушілер туралы (тегі, аты-жөні, туған жылы, тұрғылықты мекенжайы, айналысатын кәсібі, алынған дене жарақаттарының сипаттамасы);

8) бастапқы жедел-іздістіру іс-шараларын өткізу және қылмыстарды ашу тергеу амалдарының нәтижелері туралы (қай бап бойынша қылмыстық

іс қозғалды), оқиға зардаптарын жою бойынша ұйымдастырушылық шаралары (іс-шараларды өткізуге жауаптылар), ПД, КПД басшы құрамынан оқиға орнына кім барды) туралы ақпарат.

Көрсетілген мәліметтерге қосымша:

1) өрт кезінде-өрт болған объектінің сипаттамасы және конструктивті ерекшеліктері, оны жою үшін қандай күштер мен құралдар қолданылды, не жойылды және қандай сомаға жойылды, өрт сигнализациясының және бейнебақылау құралдарының болуы;

2) жол-көлік оқиғалары кезінде: автокөлік құрадарының тиесілігі, маркасы, түрі, нөмірлік белгілері, жүргізушінің белгіленген деректері, айналысатын кәсібі, жолаушы алкогольдік мас күйде болғаны-болмағаны;

3) Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің мекемелерінде және ішкі істер органдарының арнайы мекемелерінде: мекеме атауы, режим түрі, оқиғаны бастаған адамдардың тегі, аты-жөні, туған жылы (ұсталған және қамауға алынған адамдар туралы – жасалған қылмыстар туралы түрі, сотталғандар туралы- қандай мерзімге және қашан сотталды, босатылғандар және шартты босатылғандар туралы – қай түзету орнынан босатылды, есепте қай уақыттан бастап және қайда тұр), жәбірленушілердің тегі, аты-жөні, туған жылы, егер сотталса- қандай бап бойынша және қай мерзімге сотталды (не үшін ұсталды, қамауға алынды), соңғы соттылығы бойынша мерзімнің аяқталуы мен басталуы.

4) Ішкі істер органдарының, Ұлттық ұланның, қылмыстық-атқару жүйесінің, ІІМ-нің білім беру ұйымдарының жеке құрамы арасында төтенше жағдайлар мен қылмыстар жасалған кезінде мыналарды көрсете отырып, хабарлама ұсынылады:

- төтенше жағайдың қысқаша фабуласы;

- құқық бұзушылық жасаған қызметкер (тегі, аты-жөні, туған жылы, арнайы атағы, лауазымы, қызмет атауы, білім, ішкі істер органдарындағы еңбек өтілі, отбасы жағдайы, алкогольдік немесе есірткілік мас күйде болғаны-болмағаны) және жәбірленушілер (тегі, аты-жөні, туған жылы, лауазымы және жұмыс орны) туралы мәліметтер.

Жедел басқару орталығы-ҚР Ішкі істер министрлігі Штаб-Департаментінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және ҚР ІІМ-не тура бағынады, ҚР ІІМ-нің Штаб-Департаменті бастығының тікелей бағынысында болады.

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің ЖБО — ішкі істер органдарының қажет болғанда, ұлттық гвардия бөлімшелерінің күштері мен құралдарын басқару органы және келесі мақсатта құрылған:

- республикадағы жедел-жағдайдың ахуалын бақылау;

- ауыр қылмыстар, жаппай тәртіпсіздік, дүлей зіл-залалар, төтенше

жағдайлар және басқа да жедел жағдайлардың шиеленісуі болғанда қызметтер мен бөлімшелердің жедел іс-қимыл жасауы жөніндегі қызметін үйлестіру;

- төтенше жағдайлар туындағанда басқарушылық шешімдер әзірлеу және іске асыру;

- төтенше жағдайларда оқшаулап шектеудің арнайы іс-шараларын әзерлеу, ішкі істер органдары мен ішкі әскерлердің Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа да әлеуметті құрылымдармен және ведомстволармен өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ішкісімінің қызметтерінің, бөлімшелерінің арасындағы бірлескен (үлгілік, арнайы) жедел жоспарлар әзірлеу, оқу-жаттығулар ұйымдастыру және өткізу, ішкі істер органдары бөлімшелерінің әскери дайындағын тексеру және оларға іс жүзіндегі көмек көрсету жөнінде өзара іс-қимыл жасасуын қамтамасыз ету.

ЖБО - өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, ҚР ІІМ нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

ЖБО, сондай-ақ оның жедел бағынышындағы ұлттық гвардия, министрлік департаменттерінің және дербес басқармаларының, Нұрсұлтан Алматы қалалары ПД-нің, облыстардағы ПД-нің, көліктеі ПД-нің ЖБО және қалалық, аудандық, желілік ішкі істер органдарының, ішкі істер органдарының оқу орындары мен басқа да құрылымдық бөлімшелерінің кезекші бөлімдер Қазақстан Республикасы ІІМ жедел басқару органдарының бірыңғай жүйесін құрайды.

ЖБО-ның қызметі оқиғалар, қылмыстар туралы ақпараттарды жинаудың жаңа механизміне және ішкі істер органдарының күші мен құралдарын біріктіруге қажет болған жағдайдың өзгеруі кезінде әрекет жасауға негіделген.

ЖБО-ның негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының мейлінше толық сақталуын, жеке адамның өмірін, денсаулығын, ары мен намысын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

ЖБО өз қызметін жүзеге асыру мақсатында алдыңғы қатарлы компьютерлік технологияларды, радиобайланыс және телекоммуникация құралдарын пайдаланады, ақпаратты-талдау жұмысын жаңа деңгейде сапалы жүргізеді.

ЖБО-ның қызметі қызметкерлердің қызметтік міндеттеріне шек қоюдың және олардың тапсырылған учаскедегі істердің ахуалына дербес жауапкершілігінің, заңдылықты бұлжытпай сақтауының, ғылыми ұсыныстарды және ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін

пайдалануының, жұмысқа озық тәжірибелерді ұдайы еңгізуінің негізінде жүзеге асырылады.

ЖБО-ның құрылымы мен штаттарын ҚР ІІМ-нің Штаб – Департаменті бастығының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі бекітеді.

Жедел басқару орталығының құрылымына келесілер кіреді:

- 1) кезекші бөлім;
- 2) кезекші бөлімдердің жұмысын ұйымдастыру және арнайы іс-шаралар әзірлеу жөніндегі бөлім;
- 3) әскери жұмылдыру жұмысы және азаматтық қорғаныс бөлім

ЖБО-ның негізгі міндеттері:

1. Республикасының ІІМ Жедел басқару орталығының жалпы стратегиясының реттеу;

2. Қазақстан Республикасының ІІМ органдары мен бөлімшелерінің арасында сондай-ақ тұтастай алғанда министрліктің басқа да мемлекеттік органдармен құқықтық тәртіпті сақтау, қылмыстарды уақытында ашу олардың жасалуына күдікті адамдарды ұстау, мүліктік мүдделерді және азаматтардың қауіпсіздігін, сондай-ақ сақталынатын объектілерді қылмыстық қол суғушылықтардан қорғау, Республикалық маңызы бар автожолдардағы қозғалыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ішкі істер органдарын және Қазақстан Республикасы Ішкі істерінің ішкі әскерлерін төтенш жағдайлар кезінде, жедел жағдайдың, оның ішінде әлеуметтік, этникалық, діни жанжалдармен, осының негізіндегі экстремистік керіністермен тік актілермен байланысты жағдайдың ушығуы кезінде іс-қимыл жасауға террористік актілермен байланысты дайындауды жетілдіру мәселелері бойынша нормативтік базаны әзірлеу мәселелерінде өзара іс-қимыл жасасуды ұйымдастыру;

3. Тиісті басқарушылық шаралар қабылдау, сондай-ақ осының негізінде тәуліктік жедел мәліметтерді Министрліктің, Штаб-Департаменттің басшылығына баяндауға, Қазақстан Республикасының жоғары билік және басқару хабарлауға арналған басқа да құжаттарды әзірлеу үшін республикадағы жедел жағдайлар туралы ақпараттарды жинауды, өңдеуді, талдау және бағалауды ұйымдастыру;

4. Қазақстан Республикасының ІІМ, Нұрсұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының ПД; облыстардың ПД, және көліктегі ПД жедел басқару органдарының басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен (келісім бойынша) ағымдағы ақпараттармен өзара алмасуы, Қазақстан Республикасының ІІМ Криминалдық, ақпараттар орталығының жедел-іздігі, анықтамалық және талдау-статистикалық мақсаттағы Шоғырландырылған деректер банкінің барлық мүмкіндіктерін пайдалану;

5. Аумақтық органдардың, республикалық маңызы бар автожолдардағы патрульдік нарядтарды басқару жөніндегі жол полициясы бөлімшелерінің қызметін үйлестіру; кезекшілік тәуліктердегі республиканың масштабында көлік құралдарын іздігіруді ұйымдастыру және басшылық жасау; жол полициясының бөлімшелеріне бағыт-

бағдарларды және ақпараттарды жедел жеткізу, көліктік магистральдар бойынша тасымалдау барысында күзетілетін адамдарды күзетіп жүруді және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

Жанама немесе тікелей объект-зиян келтірілген немесе келтірілуі мүмкін нақты әлеуметтік қатынас. Мысалы, ҚР ӘҚБтК 434-бабы ұсақ бұзақылық үшін жаза белгілейді, ол қоғамдық орындарда балағат сөздер түрінде көрінуі мүмкін. Бұл жағдайда қоғамдық тәртіпке, азаматтардың ар-намысына, қадір-қасиетіне және тыныштығына зиян келтіріледі. Аталған объектілердің әрқайсысы тікелей объект болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың қол сұғу объектісі әрқашан материалдық әлемнің заттары (заттар, ақша, құндылықтар, тауарлар және т.б.) емес, қоғамдық қатынастар болып табылатындығын атап өту қажет.

Материалдық әлемнің заттары әкімшілік құқық бұзушылықтың объектілері мен құралдары ретінде әрекет етеді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың объективті жағы-бұл сұрақтарға жауап беретін Әкімшілік құқық бұзушылықтың көрінетін жағы (оның сыртқы көрінісі): қалай? қандай тәсілмен? қашан? қайда? құқық бұзушылық қандай құралдардың көмегімен жасалды?

Объективті жағы заңсыз әрекетпен (белсенді ерікті мінез-құлықпен) немесе әрекетсіздікпен (ерікті пассивті мінез-құлықпен) сипатталады.

Осы элементтерден басқа, біліктілік кезінде орын, уақыт, әдіс және басқа жағдайлар рөл атқара алады.

Құқық бұзушылықтың аяқталуына байланысты формальды құрам ерекшеленеді, ол әрекетті саралау үшін құқыққа қарсы әрекет фактісін анықтау жеткілікті (бұл ретте зиянның (залалдың) міндетті болуы талап етілмейді) және материалдық құрам.

Материалдық құрамы бар әрекетті саралау үшін іс-әрекеттен немесе әрекетсіздіктен басқа, зиянды салдардың басталуын және олардың арасындағы себептік байланысты анықтау қажет.

Кейбір жағдайларда салдарларды көрсету әкімшілік жауаптылықты күшейтетін негіз немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін негіз болуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылықтардың көпшілігі ресми құрамға ие.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектісі-әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға немесе ұйым (адамдар ұжымы).

Жеке тұлға-бұл ақылға қонымды, әкімшілік жауапкершіліктің жасына жеткен және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке тұлға. Сонымен бірге, ақыл-есі дұрыс деп жеке тұлғаның психикалық жағдайы түсініледі, онда ол өзінің іс-әрекеттері туралы есеп бере алады және әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде оларды басқара алады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде 16 жасқа толған тәртіп бұзушы әкімшілік жауаптылықта болады (жалпы ереже).

Ұйым заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап әкімшілік қабілеттілікке ие болады.

Жалпы субъектіден басқа:

- **арнайы субъект**—арнайы белгілері бар құқық бұзушы (лауазымды тұлға, кәмелетке толмаған, кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары, шетелдік азамат немесе азаматтығы жоқ адам, шетелдік заңды тұлға және т.б.);

- **ерекше субъект** — әкімшілік құқық бұзушылық жасаған, бірақ, әдетте, әкімшілік емес, тәртіптік жарғыларда белгіленген тәртіптік жауапкершілікке тартылған адам.

Субъектілердің бұл түріне тәртіптік жарғыларға сәйкес жауап беретін әскери қызметшілер мен әскери жиындарға шақырылған азаматтар кіреді. Басқа жағдайларда олардың жауапкершілігі осы органдарда қызмет ету тәртібін белгілейтін нормативтік актілермен реттеледі. Сонымен бірге, ҚР ӨҚБК сәйкес аталған адамдарға әкімшілік қамауға алу сияқты әкімшілік жаза түрі, ал шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерге әкімшілік айыппұл қолданылуы мүмкін емес.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективті жағы-заңсыз қол сұғушылықтың ішкі жағы, оның негізгі сипаттамалары кінә, мақсат себептері болып табылады:

- кінә-бұл адамның жасаған әрекеті мен оның салдарына психикалық қатынасы.

Кінәнің формалары-ниет пен немқұрайлылық.

Ниет-бұл адам әрекеттің заңсыз сипатын түсінетін, оның зиянды салдарының басталуын болжайтын, олардың басталуын қалайтын (тікелей ниет) немесе қаламайтын, бірақ олардың басталуына саналы түрде мүмкіндік беретін алдын-ала ойластырылған ниет (жанама ниет).

Абайсыздық өз кезегінде келесідей көрінуі мүмкін:

- **салақтық.** Құқық бұзушы зиянды салдардың пайда болу мүмкіндігін түсінбеді, алдын-ала білмеді, бірақ ол оларды алдын-ала біліп, істің мән-жайы бойынша білуі керек;

- **менмендік.** Құқық бұзушы зиянды салдардың алдын алуды түсінді, алдын-ала білді, бірақ жеңіл ойлады.

Кінәнен басқа, негізгі белгі ретінде құқық бұзушылықтың субъективті жағына да кіреді:

- **мотив**-құқық бұзушылық жасауға ішкі түрткі (құқық бұзушылық жасауға «итермелейтін» нәрсе);

- **мақсат**-құқық бұзушы қол жеткізгісі келетін түпкілікті нәтиже (ол құқық бұзушылық жасау арқылы ұмтылатын нәрсе).

Осылайша, егер адамның іс-әрекетінде төрт заңды элементтің жиынтығы көрінсе, онда ол әкімшілік жазаға тартылады. Осы элементтердің кем дегенде біреуінің болмауы құқық бұзушыны әкімшілік жауапкершілікке тартуға негіз бермейді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың құқықтық құрамын білу практикалық мәнге ие, өйткені бір жағынан, ол Әкімшілік құқық бұзушылықты ажыратуға және дұрыс анықтауға мүмкіндік береді, жазаның бұлтартпастығы қағидатын

іске асыруға әкеледі, екінші жағынан, адамды әкімшілік жауапкершілікке негізсіз тартудан аулақ болады.

6. Ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалау

Ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалау – күнделікті қарау, лауазым иелері мен азаматтардың қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті реттейтін ережелерді дұрыс және бұлжатпай орындауын, осы ережелердің бұзылуының алдын алу, құқық бұзушылықтарды анықтау және жауапкершілікке тарту немесе басқа да әсер ету шараларын қолдану.

Әкімшілік қадағалау мақсаты:

Қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді реттейтін нормативтік актілерді жүзеге асыру;

Қадағалау әдісі;

Қоғамдық орындарда азаматтардың және лауазым иелеріне белгіленген ережелерді сақтауын қарау;

Ішкі істер органдарының қарауына жатқызылған ережелерді органдар, ұйымдардың, азаматтардың және лауазым иелерінің күнделікті орындалуын бақылау;

Шағымдар, өтініштер және басқа да құқық бұзушылықтарды тексеру;

Қадағалау сатылары;

Бақылау;

Құқық бұзушылықты табу;

Кінәлілердің жауапқа тартылуын қамтамасыз ету;

Әкімшілік жаза тағайындау;

Әкімшілік қадағалауының түрлері:

Ішкі істер органдарының ұйымдастыру немесе басқа да бағынуында болмайтын адамдардың (жеке және заңды тұлға) белгісіз топтарына қатысты жүзеге асырылады (мысалы, полиция нарядтарының қоғамдық тәртіптің бұқаралық шараларын жүзеге асыру кезіндегі қызметі);

Белгілі субъектілер тобына немесе белгілі бір мәселелерді реттеуге арналады (мысалы, жеке тұлғалар мен лауазым иелерінің рұқсат беру жүйесі ережелерін сақтауы);

Белгілі бір адамдарға, яғни бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әкімшілік қадағалау жүргізу.

Ішкі істер органдары жүзеге асыратын жалпы әкімшілік қадағалау.

Қазақстан Республикасы «Ішкі істер органдар туралы» Заңына, заңды күші бар заңдардың, басқа да мемлекеттік билік және басқару органдары қабылдаған нормативтік құқықтық актілерге сәйекс, ішкі істер органдары азаматтар мен қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге байланысты нормативтік актілерді орындауына қадағалау (бақылау) жасайды, дей тұрғанмен, ішкі істер органдарының (полицияның) қызметі қарастырылып отырған сала бойынша бақылау жүргізумен шектеліп қана қоймайды.

Бақылауға жататын субъектілердің әрекеттерінде (қылығында) белгіленген тәртіпке сай келмейтін әрекеттер әшкерелене қалған жағдайда ішкі істер органдарының (полиция) қызметкерлері осы фактілерге байланысты белгіленген тәртіп бойынша ықпал етудің кең көлемдегі ұйымдастырушылық және құқықтық нысандарын қолдана отырып басқарушы жүйелерді белгілі бір деңгейге келтіруге, құқық бұзушыларды жауапкершілікке тартуды қамтамасыз етуге, құқықтық нормаларда реттелінген құқықтық қатынастарды бұзуға итермелейтін себептер мен жағдайларды жоюға міндетті.

Сондықтан осы қадағалауды іске асыру әкімшілік құқық нормаларымен және әкімшілік құқық құралдарымен реттелінгендіктен, ол әкімшілік қадағалау деп аталады.⁶

Ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қадағалауы бірқатар факторлармен сипатталады. Ең алдымен оған мемлекеттік-биліктік сипат тән екендігін аңғаруға болады. Қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді жүзеге асыру барысында ішкі істер органдарының (полицияны) қызметкерлері әкімшілік мәжбүрлеудің түрлі шараларын қолданады, олар өз құзыреті шегінде орындауға міндетті талаптар мен өкімдер беруге құқылы.

Әкімшілік қадағалауға тән келесі сипаттама белгісі оның айқын көрінетін алдын алуының бағыттылығымен байқалады. Нақ әкімшілік қадағалау барысында ішкі істер органдарының қызметкерлері қылмыс пен құқық бұзушылыққа итермелейтін жағдайларды анықтауға мүмкіндік береді; қоғамға жат қылыққа бейім тұрған адамдардың құқық бұзушылық жасауына тосқауыл қою мақсатында; дер кезінде құқық бұзушылықтың жолын кесуді және құқық бұзушыларды жауапкершілікке тартуды қамтамасыз етеді.

Әкімшілік қадағалаудың ұйымдастырушылық бағыттылығы ішкі істер саласында бақыланатын қоғамдық қатынастарды тәртіпке келтіруімен; құқықтар мен заңды мүдделерге қайшы қол сұғушылықтар мен болған жайсыз жағдайларды қалпына келтірумен көрінеді.

Әкімшілік қадағалау тіршілік қызметі саласының бақылауға жататын барлық саласында ішкі істер органдарының әкімшілік полиция қызметтерімен жүзеге асырылатын болғандықтан жалпыға бірдей сипатқа ие болады.

Әкімшілік қадағалаудың кезең-кезеңге бөлінуі оның жүзеге асырылуы бірнеше сатымен өтуді қамтиды: көңіл аударуды талап ететін фактілерді (мән-жайларды) қадағалау, әшкерелеу мен құжаттау, міндетті нұсқаулар мен

⁶ «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» ҚР 1996 жылғы 15 шілдедегі № 28-І Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z960000028> (01.04.2022ж)

өкімдер беру, құқық бұзушыны заңмен белгіленген жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету.

Әкімшілік қадағалау кезеңділікпен қатар, жоғарыда аталған кезеңдердегі ішкі істер органдарының (полицияның) түрлі қызметтерінің заңмен нақты белгіленген міндеттерге жетудегі үздіксіздігімен айғақталатын біртұтастылығымен сипатталады.

Бұл жерде, әкімшілік қадағалаудың мазмұны, нысандары мен әдістері бағытталған адамдар шеңберіне, қатынастарға және объектілерге байланысты әр түрлі болады.

Осыған байланысты ішкі істер органдарының (полицияның) жүзеге асыратын әкімшілік қадағалауын үш түрге бөлеміз.

Біріншіден, ол ішкі істер органдарының ұйымына кірмейтін немесе бағынышты емес адамдардың (жеке және заңды тұлғалар) белгісіз топтарына қатысты жүзеге асырылады. Қадағалаудың бұл түріне мысалы, ішкі істер органдары (полиция) нарядтарының жұртшылықтың арасында шаралар өкізу кезіндегі қоғамдық тәртіпті сақтау мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуін жатқызуға болады.

Екіншіден, қадағалау белгілі субъектілер тобына немесе белгілі мәселелерді реттеуге араласады. Мысалы, жеке және заңды тұлғалардың лицензиялық және рұқсат беру жүйесін, тауар сату ережелерін сақтауды қадағалау жасау және т. б.

Үшіншіден әкімшілік қадағалау белгілі бір адамдар шеңберіне байланысты жүзеге асырылады. Ондай адамдар шеңберіне бас бостандығынан айыру орындарынан босаған азаматтардың кейбір санаттары жатады.

Ішкі істер органдары әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру кезінде құқықтық және ұйымдастыру қызмет нысандарын қолданады.

Ұйымдастыру нысандарына мысалы мыналарды жатқызуға болады: кәсіпорын, мекеме, ұйым әкімшіліктерінің, сондай-ақ жұртшылықтың қоғамдық қауіпті зардаптар әкелетін құқық бұзушылық фактілеріне немесе мән жайларға назарларын аударттыру жеке меншік күзетшілерінің атыс қаруларын қолдану ережелерін білуін тексеру; азаматтарды өзін-өзі қорғауда газды қаруды пайдалануға үйрету; бас бостандығынан айыру орындарынан босап шыққан азаматтар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізіп оларға әлеуметтік көмек көрсету.

Реттеуші сипаттағы құқық қызмет нысандары ретінде ішкі істер органдары қызметкерлерінің азаматтар мен кәсіпорындарға, мекемелер мен ұйымдарға ішкі істер органдарының рұқсат беру бөлімі қадағалайтын салада өздерінің субъективті құқықтарын жүзеге асыру үшін лицензиялар рұқсаттар

және басқа да құжаттар толтыру мен беру қызметін, сол сияқты мемлекеттік автомобиль инспекциясы, виза бөлімдерінің қызметін қарастыруға болады.

Әкімшілік қадағалауды жүзеге асыруда елеулі орын азаматтарға, меншік нысанына қарамастан кәсіпорын, мекеме, ұйымдар мен бірлестіктерге беріледі. Олар өздері қоғамдық қатынасқа түсу кезінде тиісті әрекеттер жүзеге асырады.

Қоғамдық тәртіп бұзушылармен күрес төмендегідей түрлі әдістермен жүзеге асырылады:

- құқық бұзушылық фактілеріне қоғамның назарын аударту;
- құқық бұзушылықты алдын алу шараларын қолдану;
- тұрғындар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізу;
- құқық бұзушыларға әсер ету шараларын қолдану.

Ішкі істер органдары қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік бұзу фактілерін әшкерелеу мақсатында заңда көрсетілген шараларды қолдану үшін мындай әкімшілік қадағалау әдістерін қолданады; нақты азаматтар мен лауазымды адамдардың белгіленген ережелерді сақтауын бақылау, кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың белгіленген ережелерді сақтауына қадағалау жасау; азаматтардың шағымдары мен өтініштерін тексеру кезінде құқық бұзушылықтарды анықтау.

Ішкі істер органдарының қызметкері әкімшілік қадағалауды іске асыру кезінде әшкереленген құқық бұзушылықтар бойынша хаттама жасайды және әкімшілік құқық бұзушылық істерін қарауға өкілеттігі бар органға жібереді. Сонымен бірге ішкі істер органдарының қызметкері әкімшілік жаза ретінде құқық бұзушылық жасаған әрекет орнында (мемлекеттік автоинспекция қызметкерлері), ескерту немесе еңбек ететін қандай да меншіктің нысанына байланысты мекеме, ұйым және кәсіпорынға құқық бұзғандығы туралы хабарлайды.

Ішкі істер органдарының қызметкері әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру барысында азаматтар, лауазымды адамдардың, шетел азаматтарын және азаматтығы жоқ адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау арқылы құқық бұзушылықтарын анықтайды, құқық бұзушының жеке басын, істің мән жайына байланысты заңдылық баға береді және заңдар негізінде әсер ету шараларын қолданады.

Айтылғандарды қорыта келе ішкі істер органдарының (полицияның) әкімшілік қадағалау түсінігін тұжырымдауға болады, ол — азаматтар, лауазымды адамдар және шетел азаматтары немесе азаматтығы жоқ адамдардың қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті реттейтін ережелерді нақты және бұлтартпай орындаулары және осы ережелерді бұзушыларды ескерту, алдын алу және жауапкершілікке тарту мақсатындағы күнделікті бақылауы.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғандарға қойылатын әкімшілік қадағалаудың түсінігі, мазмұны және мақсаты.

Ішкі істер органдарының қызметін бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау ең елеулі орын алады.

Бұл – олар жағынан қылмыстың жасалуын ескертуге, қажетті тәрбиелеу әсер етуіне бағытталған әлеуметтік бақылаудың нысаны. Осы қадағалауды ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының «Бас бостандығынан айыру босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау» заңына байланысты жүргізіледі.

Әкімшілік қадағалау кәнігі қылмыстың алдын алу нысаны болып табылады, заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін сақтау негізінде іске асырылады және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында заңдармен белгілі бір шектеулер қойылған осындай адамдардың мінез – құлқын байқау түріндегі мәжбүр ету шарасы ретінде судьяның қаулысы негізінде ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Өздеріне әкімшілік қадағалау орнатылатын адамдар. Әкімшілік қадағалау:

«А» аса қауіпті түрде қайталанып жасалған қылмыстар үшін;

«Б» егер жазаны өтеу кезінде олардың мінез-құлқы түзелу жолына мүлдем түскісі келмейтінін және қоғам үшін қауіпті күйінде қалып отырғанын дәлелдесе, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін қауіпті күйінде қалып отырғанын дәлелдесе, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін немесе қасақана қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға екі немесе одан да көп мәрте сотты болған;

«В» егер жазына өтегеннен немесе жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғаннан кейін ішкі істер органдарының ескертулеріне қарамстан қоғамдық тәртіпті және басқа азаматтардың құқықтарын үнемі бұзатын болса, өзге де құқық бұзушылықтар жасаса, ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін немесе қасақана қылмыстар жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға екі немесе одан да көп мәрте сотты болған жазасын өтеген адамдарға орнатылады.

Әкімшілік қадағалау орнату негіздемелері. Әкімшілік қадағалау орнатуға:

А) «Бас бостандығынан айыру босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау» Заңының 2-бабының «А» тармақшасында аталған адамдарға қатысты заң күшіне енген сот үкімі;

Б) «Б» тармақшасында аталған адамдарға қатысты түзеу мекемелерінің материалдары;

В) «В» тармақшасында аталған адамдарға қатысты ішкі істер органдарының материалдары негіздемелер болып табылады.

Әкімшілік қадағалау орнату мерзімі мен орны. Әкімшілік қадағалау:

а) «Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы» № 28-1 Заңының «А» және «Б» тармақшаларында аталған адамдарға – түзеу мекемесінен босатылған кезде;

б) «В» тармақшаларында аталған адамдарға – түзеу мекемесінен босатылған сәттен бастап үш жыл бойы тұрғылықты жері бойынша орнатылады;

Әкімшілік қадағалау қоюдың, жүзеге асырудың және тоқтатудың тәртібі.

Әкімшілік қадағалау орнату тәртібі.

Әкімшілік қадағалауды:

- «А» және «Б» тармақшаларында аталған адамдарға түзеу мекемесі бастығының ұсынуы бойынша түзеу мекемесі орналасқан жердегі аудандық (қалалық) соттың судьясы жеке өзі сот мәжілісінде;

- «В» тармақшасында аталған адамдарға ішкі істер органы бастығының ұсынуы бойынша бас бостандығынан айыру орнынан босатылған адамның тұрғылықты жеріндегі аудандық (қалалық) соттың судьясы жеке өзі белгілейді.

Ұсыныспен бірге сотқа үкімнің көшірмесі және тиісті адамға әкімшілік қадағалау орнату қажеттігін дәлелдейтін материалдар жіберіледі. Сот мәжілісіне өзіне қатысты әкімшілік қадағалау орнату туралы ұсыныс енгізілген адам, ал өтініш бойынша — қорғаушы да, сондай-ақ бастығы ұсыныс енгізген органның өкілі шақырылады.

Мәселені қарау ұсыныстың және сонымен бірге келіп түскен материалдардың мазмұны туралы баяндамадан басталады, содан соң сот мәжілісіне келген адамдардың түсініктемелері тыңдалады. Іс қаралып болғаннан кейін судья шешім қабылдау үшін кеңесу бөлмесіне шығады, содан соң мәжіліс залына қайта оралып, қаулыны жария етеді.

Судьяның қаулысы өзіне қатысты әкімшілік қадағалау орнатылған адамның тұрғылықты жеріндегі аудандық (қалалық) ішкі істер бөлімінің (басқармасының) бастығына, ал «А» және «Б» тармақшаларында көзделген жағдайларда түзеу мекемесінің бастығына орындау үшін жіберіледі.

Әкімшілік қадағалаудың қолданылу мерзімі. Әкімшілік қадағалау алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Қадағалауға алынған адам әкімшілік қадағалау ережелерін немесе өзіне жарыяланған шектеулерді бұзған, сондай-ақ ол құқық бұзушылық жасаған жағдайларда ішкі істер органдарының дәлелді ұсынысы бойынша судьяның

қаулысымен қадағалау мерзімі әр жолы алты айға ұзартылуы мүмкін, бірақ ол екі жылдан аспауға тиіс.

Қадағалауға алынған адамдарға қатысты қолданылатын шектеулер. Әкімшілік қадағалау орнатылатын адамдарға қатысты тұрмыс салтына, отбасындағы және тұрғылықты жеріндегі мінез-құлқына, қадағалауға алынған адамның жеке басын сипаттайтын басқа да жағдайларға байланысты мынадай шектеулер толық көлемінде немесе жеке-жеке қолданылуы мүмкін;

а) ішкі істер органдары белгілеген уақытта тұрған үйінен кетуге тыйым салу;

б) ішкі істер органдары белгілеген аудан (қала) мекенлерінде сондай - ақ қадағалауды жүзеге асырушы ішкі істер органына хабарламай аудан (қала) шегінен тыс жерлерге кетуге тыйым салу;

в) жергілікті ішкі істер органына тіркелу үшін айына бір реттен төрт ретке дейін міндетті түрде келу.

Қадағалауға алынған адамға белгіленген шектеулерді өзгерту.

Шектеулер тізбесін судья ішкі істер органдарының ұсынысы бойынша қадағалауға алынған адамның тұрмыс салты мен мінез-құлқын ескере, отырып бірақ «Бас бостандығынан айыру босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау» Заңның 7 - бабында көзделген шектеулер шегінде қысқарту немесе толықтыруы мүмкін.

Еңбекпен түзеу мекемесі әкімшілігінің қадағалауға алынған адамның тұрғылықты жері бойынша әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулыны жіберу тәртібі. Өздеріне әкімшілік қадағалау орнатылған адамдар бас босдығынан айыру орындарынан босатылар алдында түзеу мекемесінің әкімшілігі қадағалауға алынған адам қапал алған тұрғылықты жердегі ішкі істер органына сотталған адамның келетін уақытын хабарлай отырып әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулысын жібереді.

Әкімшілік қадағалауды орнату, ұзарту немесе шектеулерді өзгерту туралы қаулыны қадағалауға алынған адамға жариялау. Әкімшілік қадағалау орнату туралы не әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру кезінде оның мерзімін ұзарту туралы немесе шектеулерді өзгерту туралы судьяның қаулысын қадағалауға алынған адамға қолын қойғыза отырып удандық (қалалық) ішкі істер органдарының бастығы. ал бас бостандығының айыру орындарындағы адамға - түзеу мекемесінің бастығы хабарлайды. Бұл орайда қадағалауға алынған адамға оның міндеттері, әкімшілік қадағалау ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі, ал бас бостандығынан айыру орындарынан босатылар алдында қадағалау орнатылған адамға қапал алған тұрғылықты жеріне белгіленген мерзімде келмегені үшін жауапкершілігі түсіндіріледі.

Әкімшілік қадағалауды жүзеге асырушы лауазымды адамдардың міндеттері:

Ішкі істер органдарының қызметкерлері әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру кезінде:

а) қадағалауға алынған адамдардың тұрғылықты жері мен жұмыс орнындағы мінез-құлқы жүйелі түрде байқауға;

б) қадағалауға алынған адамның қоғамдық тәртіпті азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылығының алдын алуға және оны болғызбауға;

в) әкімшілік қадағалау ережелерін бұзушылық туралы белгіленген тәртіпті хаттамалар жасауға және оларды қарау үшін сотқа жіберуге міндетті.

Әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру ішкі істер органдары қызметкерлерінің құқықтары:

а) қадағалауға алынған адамның жұмыс орны мен тұрғылықты жері бойынша, меншік нысандарына қарамастан, ұйымдардың әкімшілігінен, сондай-ақ азаматтардан оның мінез-құлқы туралы мәліметтер сұратуға және алуға;

б) қадағалауға алынған адамды ішкі істер органына әңгімелесуге шақыруға, әңгімелесуді оның туған-туыстары келісім берген жағдайда солардың қатысумен өткізуге;

в) әкімшілік қадағалау ережелерін орындауға байланысты мәселелер бойынша қадағалауға алынған адамнан ауызша және жазбаша түсініктемелер талап етуге;

г) қадағалауға алынған адамның мінез-құлқын және белгіленген шектеулерді сақтауын байқау мақсатында оның үй-жайына тәуліктің кез келген уақытында баруға құқығы бар. Бұл ретте Заңмен белгіленген жағдайлар мен тәртіптен өзгеше тексеру, тінту жүргізуге жол берілмейді.

Әкімшілік қадағалауды тоқтату негіздемелері:

а) егер әкімшілік қадағалау орнатылған мерзімді ұзарту үшін негіздемелер болмаса, сол мерзім өткен соң;

б) егер қадағалауға алынған адамның түзелу жолына бүтіндей бет бұрғаны анықталса, тұрғылықты жері немесе еңбек қызметі бойынша жақсы мінездеме берілсе, мерзімінен бұрын;

в) қадағалауға алынған адамның соттылығы, өтелген немесе алынып тасталған жағдайда;

г) қадағалауға алынған адамның арнаулы емдеу-алдын алу мекемесіне еріксіз емделуге жіберілуіне байланысты

д) қадағалауға алынған адамның бас бостандығынан айыруға сотталуына байланысты;

с) қадағалауға алынған адамның қайтыс болуына байланысты тоқтатылады.

Әкімшілік қадағалауды тоқтату тәртібі:

«Бас бостандығынан айыру босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау» Заңының 14 - бабының «а», «б», «г», «д», және тармақшаларында көзделген жағдайларда әкімшілік қадағалауды жүзеге асыратын ішкі істер органдарының қызметкері әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулы шығарып, оны аудандық, қаладағы, қалалық ішкі істер бөлімінің (басқармасының) бастығы бекітсе, 14 - баптың «б» тармақшасында көзделген жағдайда ішкі істер органының бастығы әкімшілік қадағалауды мерзімнен бұрын тоқтату сотқа дәлелді ұсыныс жібереді, ол он күн мерзім ішінде қаралуға тиісті.

Судьяның немесе ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулысы қадағалаудағы адамға қолын қойғыза отырып жарияланады.

Әкімшілік қадағалауда жүрген адамдардың міндеттері:

- а) өзіне қатысты белгіленген шектеулерді сақтауға;
- б) шақыру бойынша ішкі істер органдарына көрсетілген мерзімде келуге, әкімшілік қадағалау ережелерін орындауға байланысты мәселелер бойынша ауызша және жазбаша түсінктемелер беруге;
- в) әкімшілік қадағалауды жүзеге асырушы ішкі істер органдарының қызметкерлерін жұмыс орны мен тұрғылықты жері өзгергені туралы сондай-ақ қызмет бабындағы және жеке істері бойынша аудан (қала) шегінен тысқары кететіні туралы бір тәулік ішінде хабардар етуге;
- г) ішкі істер органдарының рұқсатымен басқа елді мекенге барып онда бір тәуліктен астам уақыт болған кезде өзінің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру үшін жергілікті ішкі істер органына тіркелуге міндетті.

Әкімшілік қадағалауда жүрген адамдардың құқықтары:

- а) сотқа әкімшілік қадағалау белгіленуі және шектеулер қолданылуы туралы іс материалдарымен танысуға;
- б) түсініктемелер беруге дәлелдемелер табыс етуге;
- в) әкімшілік қадағалауды мерзімінен бұрын тоқтату, өзіне қатысты белгіленген шектеулерді алып тастау, тұрғылықты тұратын жерінен қысқа мерзімге кететіні туралы өтініш беруге;
- г) ішкі істер органында әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы мен танысуға құқығы бар.

Әкімшілік қадағалауды бұзғаны үшін жауапкершілік әкімшілік қадағалау орнатылған адам қадағалау ережелерін немесе өзіне қатысты белгіленген шектеулерді бұзған жағдайда Қазақстан Республикасы ӘҚБ туралы кодексінің 480-бабына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл қайталап жасалған нақ сол іс-әрекеттер, жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе он бес тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады, ал егер істің мән-жайы бойынша және тәртіп бұзушының жеке басын ескере отырып бұл шаралардың қолданылуы жеткіліксіз деп танылатын болса, — он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады» немесе ҚР қылмыстық Кодексінің 431-бабтарына сәйкес, Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың сот белгілеген әкімшілік қадағалау ережелерін қасақана бұзуы, сол сияқты қадағалаудағы адамның тұрғылықты жерінен өз бетімен кетіп қауы немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босағаннан кейін таңдап алған тұрғылықты жеріне әкімшілік қадағалаудан жалтару мақсатымен белгіленген мерзімде бармауы, бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Тәжірибеге сүйенсек, қылмыстың қайталанумен күрес жүргізудің тиімділігі көптеген жағдайда бұрын сотталғандармен дұрыс ұйымдастырылған және ауқымды алдын алу жұмыстарының жүзеге асырылатындына байланысты. Әкімшілік қадағалауды кәсіптік деңгейде жүзеге асыру қылмыстың қайталануын төмендетуге игі әсер тигізетіні сөзсіз.

Әкімшілік қадағалау ісіне тігілетін құжаттардың тізбесі:

1. Іске тігілген құжаттардың тізімдемесі;
2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босату туралы анықтаманың көшірмесі;
3. Қадағаланушының байланыстар сызбасы;
4. Есепке алынған адамды ҚСЖАЕК-нің деректері бойынша арнайы тексерудің талабы;
5. Соңғы соттылығы бойынша аудандық (қалалық, облыстық) сот үкімінің көшірмесі (үкімнен үзінді);
6. Құқық қорғау органдарының бастамасы бойынша әкімшілік қадағалауды орнату үшін негіз болған материалдар;
7. Әкімшілік қадағалау орнату туралы ұсынымхаттың көшірмесі;
8. Әкімшілік қадағалау орнату туралы соттың қаулысы;
9. Қадағаланушыға шектеулер орнату туралы соттың қаулысы;
10. Күзет карточкаларының көшірмесі;
11. Әкімшілік қадағалау ережелерін бұзу туралы хаттамалардың көшірмелері;
12. Қадағаланушыны әкімшілік жауапқа тарту туралы сотқаулысы;
13. Әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту (шектеулерді өзгерту) туралы ұсынымхаттардың көшірмелері;

14. Әкімшілік қадағалау мерзімін ұзарту (шектеулерді өзгерту) туралы сот қаулысы;
15. Қадағаланушылардың әкімшілік қадағалау ережелері мен белгіленген шектеулерді сақтауын бақылау парағы;
16. Тіркеу парағы;
17. Қадағаланушымен әңгімелер өткізу туралы анықтамалар;
18. Бағыттық және бақылау парақтарының түбіршектері, бағыттық және бақылау парақтары;
19. Құқық қорғау органдарына, мекен-жай бюросына, ПБ-нің АТҚБ-ға жіберілетін хабарламалардың (түзету парақшаларының) көшірмелері;
20. Әкімшілік қадағалау орнату және оны жүзеге асыру үшін маңызы бар басқа да материалдар;
21. Әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы ұсыным хаттың көшірмесі;
22. Әкімшілік қадағалауды тоқтату туралы қаулы.⁷

7. Ішкі істер органдарындағы мәжбүрлеуді қолдану.

Әкімшілік мәжбүрлеу мемлекеттік басқарудың негізгі әдісі ретінде.

Әкімшілік құқықтық әдістер ішінде еріксіз сипаттығы құралдар бар, олардың көмегі арқылы, атқарушы билік органдары реттейтін қоғамдық қатынастарға реттелінген ықпал етуді қамтамасыз етеді.

Қажетті деңгейде басқарылатындардың мінез-құлықтарын еріксіз түрде қамтамасыз ету үшін қолданылатын шаралардың жиынтығын мемлекет белгілейді, оның жиынтығын әкімшілік көндіру институты құрайды.

Әкімшілік мәжбүрлеуге келесі сипаттар тән, ол, ең алдымен, өзіндік мақсат емес, мемлекеттік көндірудің бір түрі бола отырып, әкімшілік мәжбүрлеу мемлекеттік басқару аясында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мен қорғаудың қажет құралы ретінде қолданылады, яғни жазалау функциясын орындайды.

Бірақ оның мәні, осымен шектелмейді. Әкімшілік еріксіз шаралар құқық қорғау мақсаты мен бірге басқа да функцияларды орындайды, яғни, құқық бұзушылықты жасаған үшін жазалау (тәртіптік және әкімшілік) ретінде ғана емес және олардың алдын-алу, ескерту, соныменде жолын кесуге қолданылады. Бұл келесіні білдіреді, оларды қолдану әкімшілік-құқықтық нормалардың санкциясын жүзеге асырудың құралы деп түсіну қажет. Олар қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Әкімшілік мәжбүрлеу кең мағынада әкімшілік-құқықтық нормаларда көрсетілген мінез құлық ережелерін орындауында қамтамасыз етуге шақырылғандығында, оны еріксіз шаралар деп атаудың өзі, оларды соттан тыс тәртіпте қолдану сипатының куәсі, яғни оларды соттың қарауынсыз, өз қызмет процестерінде нақты жүзеге асырып, пайдалану, белгіленген атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) өкілеттігіне жатқызылған (мысалы ПО әкімшілік процесстегі уәкілеттегі ӘКБТК-685 бабында

⁷ «Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу ережесін бекіту туралы» ПМ 2005 жылғы 11 ақпандағы N97 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013985> (01.04.2022ж)

көзделген). Бірақ ҚР заңдарыда белгіленген жағдайларды әкімшілік мәжбүрлеудің жекелеген шараларын соттар қолданады. Ол әкімшілік құқық бұзушылықтарды жасағандарға әкімшілік жазаның аса қатаң түрін салумен байланысты (мысалы: әкімшілік қамауға алу).

Әкімшілік мәжбүрлеуге келесілер тән:

1. Әкімшілік мәжбүрлеу, мемлекеттік басқару аясындағы қоғамдық қатынастарға қол сұғушылықтан қорғаудың кепілдігі және құралы ретінде болады. Ол, құқық бұзушылықтың алдын алу және жолын кесу, құқық бұзушылықтарды әкімшілік жауаптылыққа тарту, кінәлілерді жазалау, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында қолданылады.

2. Заң және заңнан туындайтын әкімшілік-құқықтық нормаларда көзделген еріксіз шараларды биліктік өкілеттікке ие атқарушы органдар (лауазымды адамдар) соттан тыс қолдануы.

3. Еріксіз шараларды барлық атқарушы органдар (лауазымды адамдар) қолданбайды, тек әкімшілік билікті жүзеге асыруға арнайы өкілеттікенгерге иеленгендер қолданады.

4. Әкімшілік мәжбүрлеу шаралары барлық әкімшілік-құқықтық нормаларды сақтауды қамтамасыз ету мақсатында қолданбайды, тек мемлекеттік басқару аясында шекарасы жоқ ведомстволық, жалпы міндетті мінез-құлықты реттеуге қолданады. Мысалы, жол қауіпсіздігі ережелері, санитарлық қауіпсіздікті рұқсат беру жүйені қамтамасыз ету және т.б.

5. Әкімшілік мәжбүрлеу шаралары әкімшілік құқықтық нормаларда көзделген реттер бойынша, мемлекеттік басқару аясында құқық қорғаушының функцияларды жүзеге асыруға өкілеттенген атқарушы органдар (лауазымды адамдар) қолданады.

Әкімшілік мәжбүрлеу басқару әдісі ретінде, адамдардың санасы мен мінез-құлқына психикалық, материалдық немесе күш көрсету түрінде әсер етуінде.

Психикалық мәжбүрлеу: ерікке, эмоцияға әсер етеді, яғни, жеке тұлғаның психикасын, оның еркін қалыптыстырды, және де жеке тұлғаға қолайсыз зардаптарды тудыру мүмкіндігіне қарай, қандай-да болмасын әсер ету шараларын қолдану қауіпін туғыза отырып, қажеттіуі қоғамдық мінез-құлыққа мойындату болып саналады.

Психикалық мәжбүрлеуге мыналар жатады; мысалы, ішкі істер органдарының қызметкерінің құқыққа қарсы мінез-құлыққа жол берілмейтіндігі туралы ресми талабы, белгіленген нысанда әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы ескерту және т.б.

Материалдық мәжбүрлеу: жеке тұлғаның, лауазымды адамның және заңды тұлғаның ақшалай соммалары мен мүлкі арқылы мінез-құлқына әсер ету. Ол, мүлікті иеленуге, пайдалануға және қолдануға белгілі бір шектеулер қоюда; мүлікке иеленген адамды материалдық игіліктерден айыру; құқық бұзушыдан ақшалай соманы, яғни салынған әкімшілік жазаны, айыппұлды өндіріп алу.

Күш көрсету түріндегі мәжбүрлеу шараларын құқыққа қарсы мінез-құлықтың жолын кесе отырып, жеке тұлғаның әрекет бостандығын

шектеуінде. *Мысалы*, ішкі істер органдарының қызметкері, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамды, ұстау арқылы, заңда белгіленген мерзімі ішінде жүріп-түру бостандығын шектейді; құқық бұзушыға арнайы құралдарды, күш жұмсау мен атыс қаруын қолдану арқылы құқыққа қарсы әрекетінің жолы кесіледі.

Басқарушылық қызметте қолданылатын әкімшілік мәжбүрлеу, жеке тұлғаға күш көрсету түріндегі қадір-қасиет немесе оның мәртебесін кемітуді мақсат етпейді. Бірақта, ол үрей туғызушылық және жазалаушылық қасиеттерден кем емес. Әкімшілік мәжбүрлеу шаралары құқық бұзушы мен қатар, құқық бұзушылық жасамаған адамдарға (құқық бұзушылықты ескерту) табиғи аппаттар, індеттер мен жұқпалы аурулардан келетін қоғамға қауіпті зардаптарды ескерту мақсатында қолдануы.

Әкімшілік мәжбүрлеудің жіктелуі.⁸

Қолдану, құқықтық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістерін, пайда болатын құқықтық қатынастардың ерекшеліктерінің мақсатарына және әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану ерекшеліктеріне байланысты, әкімшілік мәжбүрлеу шаралары төрт топқа бөлінеді. Сөйтіп, әкімшілік мәжбүрлеу мақсаты тағайындауына байланысты:

- әкімшілік ескерту шаралары;
- әкімшілік бұлтартпау шаралары;

Әкімшілік жауапкершілік шаралары болып бөлінеді.

Еріксіз сипаттағы әкімшілік ескерту шаралары мемлекеттік басқару аясында болуы мүмкін және қоғамдық қауіпсіздік режиміне зиянды, басқа да құқық бұзушылықтарды ескерту сипатында қолданады. Мысалы, олар табиғи зілзалаларды, жайсыз жағдайларды, азаматтардың денсаулығы және өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәсіпорын және мекеменің жұмыс жағдайларын қалыпты болуына байланысты қолданады. Осы шаралардың айқын профилактикалық сипаттына қарай, бұндай шаралар еріксіз түрде, яғни күзретті атқару органдар (лауазымды адамдар) заңды-биліктік өкілеттіктерін жүзеге асыру процессінде қолданады.

Әкімшілік – ескерту шаралары құқық бұзушылықпен байланысты емес. Олар, оның алдын алады және әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кінәлі адамдарға бағытталған басқа да көндіру шараларын қолдануға мүмкіндігін туғызады.

Әкімшілік ескерту шаралары көп түрлі, олар әр түрлі қоғамдық өмірдің аумақтарында, әр түрлі бақылау, қадағалау сипаттаға күзіретке иеленген субъектілермен қолданады.

Әкімшілік ескерту шараларының түрлеріне мыналар жатады:

- бақылау және қадағалау тексерістері;
- адамның жеке басын тексеру және оның қолындағы заттарды тексеру;
- жұқпалы аурулар, індеттерді алдын алу және карантин енгізу;
- қоғамдық қауіпсіздікке қатер төнген жағдайда транспорт және жаяу жүргізушілердің қозғалысын тоқтату;
- адамдардың және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының

⁸ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Кодексі (01.04.2022ж)

санитарлық жағдайын куәландыру;

- мүлікті реквизициялау дүлей апаттар, авариялар, жұқпалы аурулар, індеттер және төтенше сипаттағы өзге де жағдайлар болған реттегі қоғам мүддесі үшін мемлекеттік билік және басқару органдарының шешімі бойынша заң құжаттарында белгіленген тәртіп пен жағдайларда меншік иесіне, мүліктің құны төлене отырып алынуы;

- мемлекеттік шекара учаскелерін жабу т.б.

Осы аталған және басқада шараларды қолдану заңмен өте қатаң реттелінеді.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері:

- адамдардың ішімдік, есірткі және психотроптық заттарды қолданғандығы белгіленген тәртіппен куәландыруға немесе оны жүргізу үшін оларды медициналық мекемелерге жіберуге жеткізуге;

- өзге мүмкіндіктер болмағанда меншік нысанына қарамастан көлік құралдарын пайдалануға;

- бас бостандығына айыру орындарынан босатылған адамдарды қадағалауға;

- азаматтардың тұрғын және басқа жайларына кедергісіз кіруге;

- азаматтардың жекелеген учаскелер мен аумақтарына кіруді шектеуге немесе оған тыйым салуға;

- карантиндік шаралар жүрген кезде, сондай-ақ құрамында есірткі бар жабайы өсімдіктер жаппай өсетін, балықтың құнды тұқымдарын уылдырық шашатын жерлеріне, ұлттық парктердің, мемлекеті парктер мен заказниктерінде бақылау өткізу пункттерін орнату және т.б.⁹

Әкімшілік бұлтартпау шаралары. Әкімшілік бұлтартпау шараларының тағайындалуы оның заңға қарсы әрекеттерді доғару және олардың зиянды зардаптарын болдыртпау мақсатында қолдануында. Оларда көп түрлі және әр түрлі атқарушы органдар мен лауазымды адамдар қолданылады.

Сонымен бірге, қаралып отырған шаралар тек қана құқық бұзушылықтың жолын кесуге ғана емес, сонымен бірге, 16 жасқа толмаған адамдардың қоғамға қауіпті және есі дұрыс еместердің әрекеттерін үшін қолданылады.

Бұлтартпау шараларын қолдану, құқыққа қарсы және басқа да қауіпті әрекеттердің жолын кесумен байланысты. Кейбір жағдайларда қылмыстық жолын кесудің бірден бір ғана тиімді мүмкіншілігі болып саналады (мысалы, қаруды қолдану).

Мәжбүрлеу шаралары қоғам, мемлекет мүддесу үшін, сонымен құқық бұзушының мүддесі үшін де қолданылады.

Әкімшілік мәжбүрлеу шаралары көп түрлі, құқық бұзушылықты бастап, қару қолдануға дейін. Өздерінің мағынасы бойынша психикалық шара (мәжбүрлеу шара құралдарын қолдану), материалдық немесе күш жұмсау арқылы әсер ету, оның ішінде психикалық құралдар (су атқыштар) мен қаруды қолдану арқылы, құқық бұзушының әрі құқық бұзушылықты

жалғастыру мүмкіндігінен айырып, құқықтық міндеттерді орындауға мойындатады.

Құқтық актілердегі мәжбүрлеудің құралдары мен әдістерінің тізімі шектеулі болып саналады. Қиын жағдайларда, құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесу үшін заңдарда көрсетілмеген құралдармен әдістерді қолдануға болады. Мысалы,

Әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану, пайдаланудың негізі мен тәртібі заңдармен анықталынады.

Әкімшілік мәжбүрлеу шараларымен әсер ету мақсатын сипатына және объектісіне қарай, мына түрлерге болуге болады:

- құқық бұзушыға қолданылатын;
- мүліктік сипаттағы;
- психикалық сипаттағы;
- санитарлық-эпидемиологиялық сипаттағы;
- қаржы-кредиттік сипаттағы.

Құқық бұзушыға қолданылатын бұлтартпау шараларына келесілер жатады:

- ¹⁰ заңға қарсы әрекеттеріне тыйымсалуды талап қою;
- нақты күш көрсету ықпалын жасау;
- арнайы құралдарды қолдану;
- адамды әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау үшін әкімшілік ұстау;
- қару жарақты қолдану;
- айналасындағыларға қауіпті аурулармен ауратындарды еріксіз түрде емдеуге жіберу;
- қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылықты қорлайтындай мастық күйде жүрген не айналадағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін, ал тұрғын үйде болып, қоғамдық тәртіпті бұзған адамдарды—олармен бірге тұратын азаматтардың арыздары бойынша арнаулы медицина мекемелеріне не ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне жеткізуге және оларда айыққынғанға дейін ұстауға;
- инфекциялық аурулармен ауруларды жұмыстарынан уақытша аластату және т.б.

Осы аталған шаралар да заңмен қатаң реттелінеді. Мысалы, ҚР Президентінің заң күші бар «ҚР ішкі істер органдары туралы» Жарлығына байланысты ішкі істер органдарының қызметкерлері әкімшілік бұлтартпау шараларын қолдануға құқылы.

Ішкі істер органдары қызметкерлерінің азаматтардың құқықтарын уақытша шектейтін іс-әрекеттері «Заң атымен» деген сөздерді айта отырып жасалады. Кез келген адам мұндай жағдайда белсенді іс - әрекетті тоқтатып, ішкі істер органдары қызметкерлерінің талаптарына сөзсіз бағынуға және оның қызметтік міндеттерін орындаумен байланысты нұсқауларын орындауға міндетті.

¹⁰ 7. «Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі Заңы (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000199>) (01.04.2022ж).

Техникалық сипаттағы бұлтартпау шаралары. Бұл шаралар жеке және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, қауіптілігі жоғары оқуы бар құралдарды пайдалануға тыйым салу (мысалы, транспорт құрамын), адамдардың денсаулығына, өміріне, жеке және қоғамдық қауіпсіздікке қауіп төндіру мүмкіндігі бар техникалық нормалар мен ережелердің бұзылуы мен жұмыс істеп жатқан кәсіпорын, мекеме және ұйымдардың жұмысын тоқтату.

Санитарлық-эпидемиологиялық сипаттағы бұлтартпау шаралары. Бұл шаралар санитарлық заңдардың бұзушылығының жолын кесуге бағытталған.

Қаржы-кредиттік сипаттағы бұлтартпау шаралары, осы қоғамдық қатынас саласындағы құқық бұзушылықтардың жолын кесуге және қаржылық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қамтамасыз ету шаралары.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесу, оны жасауға сезіктінің жеке басын анықтау, әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде жасау мүмкін болмағанда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау, істің уақытылы және дұрыс қаралуы мен іс жөнінде қабылданған қаулының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті лауазымды адам өз өкілеттігі шегінде жеке адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ететін келесі шараларды қолдануға құқылы:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалатын жерге жеткізу;

2) жеке адамды әкімшілік түрде ұстау;

3) алып келу;

3-1) жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу;

4) жеке тексеріп шығу және көлік құралын, шағын көлемді кемені және заттарды тексеріп шығу;

5) құжаттар мен заттарды алып қою;

6) көлік құралын немесе шағын көлемді кемені жүргізуден шеттетуге және оның алкогольмен, есірткімен, уытқұмарлықпен масаю күйін куәландыру;

7) көлік құралын немесе шағын көлемді кемені ұстау.

Заңды тұлғаға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ететін мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:

1) заңды тұлғаға тиесілі үй-жайларды, аумақтарды, сондағы тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды қарап шығу;

2) заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды алып қою;

3) заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу.

Лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын заңсыз қолданудан келтірген зиян үшін жауап береді.

Жеткізу Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдануға ӘҚБтК-нің 633-бабының ережелері бойынша шағым жасалуы мүмкін.

Құқық бұзушылықтың жолын кесу, құқық бұзушының жеке басын анықтау, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманың жасалуы міндетті болып, оны сол болған жерінде жасау мүмкін болмаса, хаттама жасау мақсатында жеке адамды мына жағдайларда:

1) көлік құралдарын пайдалану ережелерін, жүріс тәртібі мен қауіпсіздігін қорғау жөніндегі ережелерді, көлікте жүктің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған ережелерді, өрт қауіпсіздігі ережелерін, көлікте санитариялық-гигиеналық және санитариялық эпидемиологияға қарсы ережелерді бұзғанда, егер оның жеке басын куәландыратын құжаттары және ол туралы қажетті деректер хабарлауы мүмкін куәгерлер жоқ болса, сондай-ақ оның көлік құралына деген қажетті құжаттары болмаса, уәкілдік берілген адам ішкі істер органына (полицияға);

2) орман бұзылғанда немесе аң аулау ережелері, балық аулау және балық қорын қорғау ережелері бұзылғанда және жануарлар дүниесін қорғау мен пайдалану туралы заңдар басқаша түрде бұзылғанда - орман және аң шаруашылығы мемлекеттік және ведомстволық күзетінің қызметкерлері аң аулау ережелерінің сақталуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдардың, уәкілдік берілген балық қорғау органдарының уәкілетті лауазымды адамдары, жануарлар дүниесінің қорғалуы мен пайдаланылуына мемлекеттік және ведомстволық бақылауды жүзеге асыратын басқа органдардың лауазымды адамдары, қорықтардың және басқа да айрықша қорғалатын табиғи аумақтардың лауазымды адамдары, сондай - ақ ішкі істер органдарының (полицияның) қызметкерлері ішкі істер органдарына (полицияға) немесе жергілікті басқару органына;

3) қорғалатын объектілерге, басқа да бөтен мүлікке қол сұғушылықпен байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасалғанда - әскерилендірілген күзет қызметкерлері әскерилендірілген күзеттің қызметтік үй-жайына немесе ішкі істер органына (полицияға);

4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының режимі, кеден режимі, Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өту бекеттеріндегі режим бұзылғанда, Қазақстан Республикасы шекара қызметі органдары әскери қызметшісінің, өзге әскерлер, әскери құрамалар әскери қызметшілерінің, ішкі істер органдары (полиция) қызметкерінің заңды өкіміне немесе талабына қасақана бағынбағанда - әскери қызметші, ішкі істер органдарының (полицияның) қызметкері немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау жөніндегі міндетті атқарушы басқа азамат бөлімшеге, әскери бөлімге, Қазақстан Республикасы шекара қызметі органына, ішкі істер органына (полицияға), жергілікті басқару органына;

5) кеден ісі саласында құқық бұзушылық жасалғанда - кеден органының, ішкі істер органының (полицияның) қызметкерлері кеден органының, ішкі істер органының қызметтік үй-жайына (полицияға);

6) өзге де әкімшілік құқық бұзушылық жасалғанда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыруға уәкілетті лауазымды адамдар тарапынан тиісті өтініш болған жағдайда - ішкі істер органдары қызметкерлері ішкі істер органына (полицияға) немесе өзге де мемлекеттік органға жеткізуді, яғни мәжбүрлеп келтіруді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында құқық бұзушылық жасалған жағдайда кім екені жергілікті жерде анықталуы мүмкін емес тәртіп бұзушы, сондай - ақ Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында заңсыз әрекетті жүзеге асыру үшін пайдаланылатын, тексеру кезінде кімдікі екені анықталуы мүмкін емес кемелер мен әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралдары құқық бұзушылықтың жолын кесу үшін, сондай-ақ тәртіп бұзушының кім екенін және ұсталған кемелердің, құқық бұзушылық жасау құралдарының кімдікі екенін анықтау және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау үшін Қазақстан Республикасының портына (шетел кемелері - шетел кемелерінің келіп кіруіне ашық Қазақстан Республикасы порттарының біріне) жеткізілуге тиіс.

3. Жеткізу (ӘҚБтК 786-бапында көзделген) мүмкіндігінше қысқа мерзімде жүзеге асырылуға тиіс.

4. Жеткізу туралы хаттама жасалады не әкімшілік құқық бұзушылық немесе әкімшілік ұстау туралы хаттамаға тиісті жазба жазылады.

Әкімшілік ұстап алу (ӘҚБтК 787-бапында көзделген). Әкімшілік ұстауды, яғни жеке адамды жеке бас бостандығынан, атап айтқанда, оның құқыққа қарсы әрекеттерін тыю мақсатында белгілі бір уақыт ішінде арнаулы орында мәжбүрлеп ұстай отырып, іс-әрекет және жүріп-тұру бостандығынан уақытша айыруды:

1) ұсақ бұзақылық жасалған, ішкі істер органдарының (полицияның) қызметкері, әскери қызметші қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі өз міндеттерін орындау кезінде олардың заңды үкіміне немесе талабына қасақана бағынбаған, сондай-ақ сотты сыйламаушылық танытқан, шетел валютасымен және төлем құжаттарымен заңсыз операциялар жасаған, тауарларды немесе өзге де заттарды заңсыз сатқан, еркін сатылуына тыйым салынған немесе шек қойылған тауарлармен заңсыз сауда жасаған, шығармалардың даналарын немесе фонограммаларды сатқан, жалға берген және өзге де жолмен заңсыз пайдаланған, тіркелмей немесе лицензия алмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырған, қоғамдық орындарда спирттік ішімдіктер ішіп немесе қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық әдепті қорлайтын мас күйде жүрген кезде ішкі істер органдары (полиция) қызметкеріне немесе өзге де уәкілетті лауазымды адамға бағынбаған, өрт қауіпсіздігі мен жол қозғалысы ережелері, аң аулау, балық аулау және балық қорларын қорлау ережелері бұзылған және жануарлар мен өсімдіктер дүниесін қорғау және пайдалану туралы заңдар басқаша бұзылған, жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер мен демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі бұзылған, қызметіне тыйым салынған бірлестіктер құру жөнінде іс-әрекеттер жасалған және оларға белсенді қатысқан, төтенше жағдай кезінде режим бұзылған және құқықтық тәртіпті бұзуға арандататын іс-әрекеттер жасалған, қаруды алып жүру мен сақтау ережелері бұзылған, нысанды киім мен айырым белгілері заңсыз киіліп, тағылған, бөлімнен өз бетімен кеткен жағдайда - ішкі істер органдары (полиция);

- 2) төтенше жағдай режимі бұзылған жағдайда және төтенше жағдай кезінде құқықтық тәртіпті бұзуға арандататын іс-әрекеттер жасалғанда - төтенше жағдай жарияланған жердің комендатурасы мен әскери сақшылар;
- 3) Мемлекеттік шекара режимі бұзылған, шекара қызметі органдары әскери қызметшісінің, өзге де әскерлердің, әскери құрамалардың әскери қызметшісінің, ішкі істер органдарының қызметкерінің заңды өкіміне немесе талабына қасақана бағынбаған жағдайда - шекара режимі бұзылған жағдайда-шекара қызметінің органдары;
- 4) күзетілетін объектілерге, басқа да бөтен мүлікке қол сұғушылыққа байланысты құқық бұзушылық жасалған жағдайда - күзетілетін объект орналасқан жердегі аға әскери қызметші, ішкі істер органдарының қызметкері, әскерилендірілген күзеттің лауазымды адамы;
- 5) балық қорғау органдары, аң аулау ережелерінің сақталуына мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыратын органдар мен орман және аң шаруашылығы органдары сақталуын бақылауды жүзеге асыратын ережелер бұзылған жағдайда - осы органдар;
- 6) көлік инспекциясы органдары, темір жол, су, әуе жолы, жолаушылар таситын автомобиль көлігі және электр көлігі органдары сақталуын бақылауды жүзеге асыратын ережелер бұзылған жағдайда - осы органдар;
- 7) Қазақстан Республикасы қарулы Күштерінің, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының көлік құралдарын жүргізетін жүргізушілер мен басқа да адамдар жол қозғалысы ережелерін бұзған жағдайда - әскери автомобиль полициясының лауазымды адамдары;
- 8) табиғат қорғау заңдары бұзылған жағдайда - қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды, қорықтар мен басқа да ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау органдары;
- 9) салықтық құқық бұзушылық жағдайында - салық қызметі мен салық полициясы органдарының лауазымды адамдары;
- 10) Қазақстан Республикасының континенттік қайраңында қолданыстағы стандарттардың (нормалардың, ережелердің) немесе континенттік қайраңында рұқсат етілген қызметті регламенттейтін лицензия шарттарының бұзылуына байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар жасалған, ресурстық немесе теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізу ережелері бұзылған, қалдықтар мен басқа да материалдарды көму ережелері бұзылған, Қазақстан Республикасының континенттік қайраңын қорғау органдары лауазымды адамдарының кемелерді тоқтату жөніндегі заңды талаптары орындалмаған немесе оның жүзеге асырылуына кедергі жасалған жағдайда - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тау-кен қадағалау органдарының, шекара қызметі органдарының, геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі уәкілетті органның, қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау жөніндегі органның, балық аулау жөніндегі республикалық органның лауазымды адамдары;
- 11) кеден заңдары бұзылған жағдайда - кеден органдарының лауазымды адамдары жүзеге асыра алады.

Әкімшілік ұстап алудың тәртібі (ӘҚБтК 788-бабында көзделген). Әкімшілік ұстау жөнінде хаттама жасалады, онда жасалған күні, уақыты және орны; хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-жөні; ұсталған адамның кім екені туралы мәліметтер; ұсталған уақыты, орны және негізі көрсетіледі. Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам мен ұсталған адам қол қояды, ұсталған адам хаттамаға қол қоядан бас тартқан жағдайда бұл туралы хаттамада жазылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған адамның өтініші бойынша оның қайда екендігі туралы туыстары, жұмыс немесе оқу орнының әкімшілігі, сондай-ақ қорғаушысы хабардар етіледі. Кәмелетке толмаған адамның ұсталуы туралы оның ата-анасына немесе олардың орнындағы адамдарға міндетті түрде хабарланады.

Әкімшілік ұстап алу - бұл ӘҚБ туралы Кодекстің 789-бабында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті уақыт ішінде жүзеге асырылады және үш сағаттан ұзақ болмауы керек.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының режимін, кеден режимін немесе Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өту бекетіндегі режимді бұзғаны туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының континенттік қайраңындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адам - қажет болған жағдайларда жеке басын анықтау үшін және құқық бұзушылықтың мән-жайын анықтау үшін бұл туралы ұсталған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жазбаша хабарланып, қырық сегіз сағатқа дейін ұсталуы мүмкін. Төтенше жағдай жарияланған жерде коменданттық сағат енгізілуіне байланысты белгіленген тәртіпті бұзуға жол берген адамдарды ішкі істер органдарының қызметкерлері (полиция) немесе әскери сақшылар коменданттық сағат аяқталғанға дейін, ал қолдарында құжаттары жоқтарды - олардың кім екенін анықтағанға дейін, бірақ қырық сегіз сағаттан аспайтын уақытқа ұстай алады.

Әкімшілік айып шараларының бірі ретінде әкімшілік қамауға алынатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу қозғалған адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралғанға дейін, бірақ қырық сегіз сағаттан аспайтын уақытқа әкімшілік ұстауға тартылуы мүмкін.

Әкімшілік ұстау мерзімі - ӘҚБ туралы Кодекстің 789-бабына сәйкес жеке адам жеткізілген кезден, ал мас адамға, - медицина қызметкері оны айықты деп куәландырған уақыттан бастап есептеледі.

Мерзімді есептеу ӘҚБ туралы Кодексінің 789-бабында көзделгендей белгіленген мерзімдер сағатпен, тәулікпен, айлармен және жылдармен есептеледі.

Мерзімді есептеу кезінде мерзім басталатын сағат пен тәулік есепке алынбайды. Бұл ереженің ұстау кезіндегі мерзімді есептеуге қатысы жоқ.

Мерзімді есептеу кезінде оған жұмыстан тыс уақыт та қосылады.

Мерзім тәулікпен есептелген кезде мерзім алғашқы тәуліктің нөл сағатынан кейін есептеліп, мерзімнің соңғы тәулігінің жиырма төрт сағатында аяқталады.

Мерзім айлармен немесе жылдармен есептелген кезде мерзім соңғы айдың тиісті күнінде аяқталады, ал егер бұл айда тиісті күн жоқ болса, мерзім

осы айдың соңғы күні аяқталады. Әкімшілік ұстау мен әкімшілік қамауға алу кезінде мерзімді есептеу жағдайларын қоспағанда, егер мерзімнің аяқталуы жұмыс істемейтін (демалыс, мереке) күнге тура келсе, онда одан кейінгі бірінші жұмыс күні мерзімнің соңғы күні болып есептеледі.

Әкімшілік ұстауға тартылған адамдар арнайы осыған бөлінген, санитария талаптарына сәйкес келетін және оларды өз еркімен тастап кету мүмкіндігін болдырмайтын үй-жайларда ұсталады.

Әкімшілік ұстауға тартылған адамдарды ұстаудың талаптарын, ондай адамдарды тамақтандыру нормасы мен оларға медициналық қызмет көрсету тәртібін атқарушы билік органдары белгілейді.

Өздеріне қатысты әкімшілік ұстау қолданылған кәмелетке толмағандар ересек адамдардан бөлек ұсталады.

Алып келуді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіппен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап жатқан соттың, органның (лауазымды адамның) ұйғарымы негізінде ішкі істер органы(полиция) жүргізеді.

(ӘҚБтК 791-бабында көзделген). Адамның жеке басын тексеру, оның қолындағы заттарды тексеру қажет болған жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралдарын не оның тікелей объектілерін табу мақсатында жүргізіледі.

Жеке басын тексеруді ӘҚБ туралы Кодекстің 787-бабында тізіп келтірілген лауазымды адамдар жүргізеді.

Жеке басын тексеруді тексерілушімен бір жыныстағы адам және осы жыныстас екі куәгердің қатысуымен жүргізе алады.

Жеке адамның қолындағы заттарды (қол жүгін, теңдеме жүкті, аң және балық аулау құралдарын, олжалаған өнімі мен өзге де заттарды) тексеріп қарауды, яғни олардың құрылғылық тұтастығын бұзбай жүзеге асырылатын тексеруді ӘҚБ туралы Кодекстің 787-бабында тізіп келтірілген, оған уәкілетті лауазымды адамдар осы заттарды меншіктенуші немесе иеленуші адамның қатысуымен және екі куәгердің қатысуымен жүргізеді.

Жеке адамның қолында айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін қару немесе өзге заттар бар деуге негіз болған ерекше жағдайларда жеке басын тексеру, заттарын тексеру бұл туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабарланып, куәларсыз жүргізілуі мүмкін.

Қажет болған жағдайларда фотоға және киноға түсіру, бейнежазба жүргізіледі, заттай дәлелдемелерді көрсетудің белгіленген өзге де әдістері қолданылады.

Адамның жеке басын тексеру, оның қолындағы заттарды тексеру жөнінде хаттама жасалады. Адамның жеке басын тексеру жөніндегі хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға, оның заңды өкіліне тапсырылады. Хаттамада оның жасалған күні мен орны, хаттаманы жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, жеке басы тексерілген адам, заттардың түрі, саны, өзге де тақылеттестік белгілері туралы, соның ішінде қарудың түрпаты, маркасы, үлгісі, калибрі, сериясы, нөмірі, белгілері, оқ-дәрілер саны және түрі, арнайы жедел іздестіру шараларын жүргізуге

арналған арнайы техникалық құралдар және ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тексеру хаттамасында фото және кино түсірілімінің, бейнежазбаның, құжаттарды көрсетудің өзге де әдістерінің қолданылғаны туралы жазба жасалады. Фото - және кино түсірілімдерін, бейнежазбаны, заттай дәлелдемелерді көрсетудің өзге де белгіленген құралдарын қолданып, тексеру жүргізу кезінде алынған материалдар тиісті хаттамаға қоса тіркеледі.

Адамның жеке басын тексеру, заттарды тексеру хаттамасына оны жасаған лауазымды адам, жеке басы тексерілген адам, тексерілген заттар иесі, куәгерлер қол қояды. Жеке басы тексерілген адам, тексерілген заттар иесі хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, хаттамаға тиісті жазба жасалады.

(ӘҚБтК 792-бабында көзделген). Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралдарын не оның тікелей объектілерін табу мақсатында жүргізіледі.

Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеруді, яғни құрылғылық тұтастығын бұзбай жүзеге асырылатын тексеруді екі куәгердің қатысуымен уәкілдік берілген ӘҚБ туралы Кодекстің 787-бабында тізіп келтірілген лауазымды адамдар жүргізеді.

Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру оларды иеленуші адамдардың қатысуымен жүргізіледі. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, оларға иесінің қатысуынсыз-ақ тексеру жүргізілуі мүмкін.

Қажет болған жағдайларда көлік құралдары мен шағын көлемді кемелерді тексеру кезінде анықталған заттарды көрсету мақсатында фотоға, киноға түсіріліп, бейнежазба жасалады.

Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру туралы хаттама жасалады. Бұл хаттаманың көшірмесі тексерілген көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді иеленуші адамға, оның заңды өкіліне тапсырылады.

Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру хаттамасында оның жасалған күні мен орны, хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, тексерілген көлік құралын, шағын көлемді кемені иеленуші адамның жеке басы туралы мәліметтер, көлік құралының, шағын көлемді кеменің тұрпаты, маркасы, үлгісі, мемлекеттік тіркеу нөмірі, өзге де тақылеттестік белгілері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тексеру хаттамасында фото-және кино түсірілімдері, бейнежазба, құжаттарды көрсетудің белгіленген өзге де әдістері қолданылғаны туралы жазба жасалады. Фото-және кино түсірілімдерін, бейнежазба, заттай дәлелдемелерді көрсетудің белгіленген өзге де құралдарын қолданып, тексеру жүргізу кезінде алынған материалдар тиісті хаттамаға қоса тіркеледі.

Көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді тексеру хаттамасына оны жасаған лауазымды адам, өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам, тексеру жүргізілген көлік құралының, шағын көлемді кеменің иесі, куәгерлер қол қояды. Өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адам, тексеру жүргізілген көлік құралының, шағын көлемді кеменің иесі хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Құқық бұзушылық жасалған жерде не Кодекстің 787-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану кезінде табылған құқық бұзушылық құралы немесе объектілері болып табылатын құжаттар мен заттарды алып қоюды іс жүргізуді қамтамасыз етудің тиісті шараларын қолдануға уәкілетті лауазымды адамдар екі куәгердің қатысуымен жүзеге асырады.

Заттар мен құжаттарды алып қою туралы хаттама жасалып, оның көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға немесе оның заңды өкіліне тапсырылады, не әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Құжаттар мен заттарды алып қою туралы хаттамада (әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада) алып қойылған құжаттардың түрі мен реквизиттері, алып қойылған заттардың түрі, саны, өзге де тақылеттестік белгілері туралы, соның ішінде алып қойылған қарудың түрпаты, маркасы, үлгісі, калибрі, сериясы, нөмірі, өзге де тақылеттестік белгілері, оқ-дәрілердің саны мен түрі, арнаулы жедел іздестіру шараларын өткізуге арналған арнаулы техникалық құралдар және ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдары туралы мәліметтер болады.

Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам, тиісті құжаттары мен заттары алып қойылған адам, куәгерлер қол қояды. Өзінен тиісті құжаттары мен заттары алып қойылған адам хаттамаға қол қояудан бас тартқан жағдайда хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Алып қойылған заттар мен құжаттар әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралғанға дейін алып қоюды жүргізген лауазымды адам белгілейтін орындарда тиісті атқарушы билік органы белгілейтін тәртіппен сақталады.

Алып қойылған атыс қаруы мен өзге де қару, сондай-ақ оқ-дәрілер, арнаулы жедел іздестіру шараларын өткізуге арналған арнайы техникалық құралдар және ақпаратты қорғаудың криптографиялық құралдары Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілейтін тәртіппен сақталады.

Іс қаралғаннан кейін шығарылған қаулыға сәйкес алып қойылған құжаттар мен заттар олардың иесіне қайтарылады немесе тәркіленеді, немесе сатылады, немесе сақталады, немесе белгіленген тәртіппен жойылады.

Алып қойылған орден, медаль, Қазақстан Республикасының, қазақ КСР-інің, КСРО-ның және басқа да мемлекеттердің құрметті атағының омырауға тағатын белгісі олардың заңды иесіне қайтарылады, ал егер ол белгісіз болса, Қазақстан Республикасы Президентінің әкімшілігіне жіберіледі.

(ӘҚБтК 792-бабында көзделген). Көлік құралын, шағын көлемді кемені жүргізетін жүргізуші, кеме жүргізуші, ол мас күйде деуге жеткілікті негіздер болса, көлік құралын, шағын көлемді кемені жүргізуден шеттетіліп, мас күйін куәландыруға жатады.

Көлік құралын, шағын көлемді кемені жүргізуден шеттетуді, мас күйін куәландыруды және медициналық куәландыруға жіберуді, тиісінше, жол полициясы, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және Шағын көлемді кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекцияның көлік құралын жүргізуші адам құқық бұзушылық жасаған жағдайда - әскери автомобиль

полициясының лауазымды адамдары жүргізеді. Жол полициясының лауазымды адамдарымен қатар мас күйде деуге жеткілікті негіздер бар жүргізушіні көлік құралын жүргізуден шеттетуге полицияның учаскелік инспекторларының, одан басқа бұл жағдайда тәртіп бұзушылық фактісін құжатпен бекітуге және жүргізуші мен көлік құралын таяу жердегі ішкі істер органына жеткізу жөнінде шаралар қолдануға міндетті ішкі істер органдарының басқа да қызметкерлерінің құқығы бар.

Мас күйін куәландыруға жіберу, мас күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізіледі. Жүргізуші, кеме жүргізуші куәландыру нәтижелерімен келіспеген жағдайда ол медициналық куәландыруға медициналық мекемеге жіберіледі.

Көлік құралын, шағын көлемді кемені жүргізуден шеттету туралы, сондай-ақ мас күйін куәландыруға жіберу туралы әкімшілік құқық бұзушылық хаттамасында белгі жасалады.

Көлік құралын, шағын көлемді кемені жүргізуден шеттету, мас күйін медициналық куәландыруға жіберу туралы хаттамада жүргізуден шеттету, куәландыруға жіберу күні, уақыты, орны, негіздері, хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, көлік құралының, шағын көлемді кеменің тұрпаты, маркасы, үлгісі, мемлекеттік тіркеу нөмірі, өзге де тақылеттестік белгілері, жүргізуден шеттетілген, куәландыруға жіберілген жүргізушінің, кеме жүргізушінің жеке басы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Көлік құралын, шағын көлемді кемені жүргізуден шеттету, мас күйін куәландыруға жіберу туралы хаттамаға оны жасаған лауазымды адам, сондай-ақ жүргізуден шеттетілген, куәландыруға жіберілген жүргізуші, кеме жүргізуші қол қояды. Жүргізуші, кеме жүргізуші хаттамаға қол қояудан бас тартқан жағдайда хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Мас күйін куәландыру актісі тиісті хаттамаға қоса тіркеледі.

Аталған тәртіп бұзу жасалған жағдайда осы баптың екінші бөлігінде аталған уәкілетті лауазымды адам көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстау себептері жойылғанға дейін көлік құралдарын, шағын көлемді кемелерді ұстауға құқылы.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, Шағын көлемді кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекцияның көлік құралын жүргізуші адам әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстауды жол полициясының, әскери автомобиль полициясының лауазымды адамдары жүргізеді.

Көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстау, мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісін алып қою туралы белгіленген нысандағы акт жасалып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қоса тіркеледі.

Ұсталған көлік құралын, шағын көлемді кемені сақтау Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

Заңды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеру. (ӘҚБтК 798-бапында көзделген). Заңды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеруді ӘҚБ туралы

Кодекстің 798-бабына сәйкес заңды тұлғалардың әкімшілік құқық бұзушылығы туралы хаттамалар жасауға уәкілетті лауазымды адамдар жүргізеді.

Тексеру заңды тұлға өкілінің және екі куәгердің қатысуымен жүргізіледі.

Тексеру жүргізілгені туралы хаттама жасалады. Хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан заңды тұлғаның өкіліне тапсырылады.

Заңды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеру хаттамасында оның жасалған күні мен орны, хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, тиісті заңды тұлға туралы, сондай-ақ оның заңды өкілі не өзге қызметкері туралы мәліметтер, тексерілген аумақтар мен үй-жайлар, тауарлар мен басқа да заттардың түрлері, саны, өзге де тақылеттестік белгілері, құжаттардың түрлері мен реквизиттері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тексеру хаттамасында оны жүргізу барысында фото және кино түсірілімдері, бейнежазбалар, құжаттарды көрсетудің өзге де белгіленген әдістері қолданылғаны туралы жазба жасалады. Фото, кино түсірілімдерінің, бейнежазбаларды, заттай дәлелдемелерді көрсетудің өзге де белгіленген құралдарын қолдану нәтижесінде алынған материалдар тиісті хаттамаға қоса тіркеледі.

Заңды тұлғаға тиесілі аумақтарды, үй-жайларды, тауарларды, өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды тексеру хаттамасына оны жасаған лауазымды адам, тиісті заңды тұлға болып табылатын ұйымның заңды өкілі, кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда ұйымның өзге қызметкері, сондай-ақ куәгерлер қол қояды. Аталған заңды тұлғаның заңды өкілі немесе өзге қызметкері хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде не заңды тұлғаға тиесілі аумақтарға, үй-жайларға, көлік құралдарына, тауарларға, өзге де мүлікке тексеру жүргізу кезінде табылған әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған, заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүлікті, заттарды алып қоюды осы Кодекстің 787-бабында аталған лауазымды адамдар жүзеге асырады. Заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды, тауарларды, өзге де мүлікті алып қоюды, сондай-ақ оларды сақтауды ресімдеу белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары қолданылған адам аталған шаралар қолданылғаннан бастап он күн ішінде жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) немесе сотқа шағым бере алады.

Өзіне қатысты іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары қолданылған адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін қажетті тиісті хаттамалар мен материалдардың көшірмелері жеке адамның немесе заңды тұлғаның заңды өкілінің талабы бойынша оған дереу тапсырылады.

Шағым жазбаша нысанда беріледі және бес күн мерзімде қаралуға тиіс.

Шағым қарау нәтижелері бойынша шағымды қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым қабылданады.

Жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдануға шағым беру аталған шараларды қолдануға сотқа қайталап шағым беру үшін кедергі болмайды.

Ұйғарымның көшірмесі жеке адамға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне дереу тапсырылады, ал бұл адамдар болмаған жағдайда оларға ұйғарым шығарылған күннен бастап бір тәулік ішінде жіберіледі.

Лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттерінен келтірілген зиянның заңдарда белгіленген ережелерге сәйкес орны толтырылуға тиіс.

Әкімшілік жаза шаралары ретінде ішкі істер органдары ескерту мен әкімшілік айыппұлды қолданады. Оларды қолдану тәртібі әкімшілік құқық бұзушылық заңмен реттелінеді.

8. Ішкі істер органдарының әкімшілік юрисдикциялық қызметі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу төрт сатыдан тұрады:

- 1) іс қозғау;
- 2) істі қарау;
- 3) қаулыларды қайта қарау;
- 4) қаулылардың орындалуы.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға себептер:

1. Лауазымды адамның тікелей анықтауы;
2. Құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан келіп түскен материалдар қоса беріледі;
3. Жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары немесе өтініштері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар;
4. автоматты режимде жұмыс істейтін және жол жағдайын фото - бейне түсірілім, көлік құралы қозғалысының жылдамдығы мен бағытын айқындау, жол жүрісіне басқа да қатысушылардың іс-қимылдары арқылы автомобиль көлігі және жол жүрісі қауіпсіздігі саласында әкімшілік құқық бұзушылық жасауды тіркейтін арнайы автоматтандырылған өлшеу құралдарының, сондай-ақ сертификатталған арнайы бақылау-өлшеу техникалық құралдары мен бақылау аспаптарының көрсеткіштері қоса беріледі;
5. Бақылау-өлшеу аппаратурасының және (немесе) радиотехникалық бақылау құралдарының көрсеткіштері.¹¹

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу Әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауымен көзделген негіз бойынша және зиян келтіру заңды болып табылған не іс-әрекет ӘҚБ туралы Кодекстің 5-

¹¹ «Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Бас Прокуратураның 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 бұйрығы.

тарауына сәйкес әкімшілік жауаптылықты алып тастайтын мән-жайлар кезінде жасалған жағдайда, атап айтқанда:

- 1) қажетті қорғаныс (ҚР ӘҚБтК 35-бабы);
- 2) қолсұғушылық жасаған адамды ұстау (ҚР ӘҚБтК 36-бабы);
- 3) аса қажеттілік (ҚР ӘҚБтК 37-бабы);
- 4) күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу (ҚР ӘҚБтК 38-бабы);
- 5) бұйрықты немесе өкімді орындау (ҚР ӘҚБтК 39-бабы).

Өндірісті қамтамасыз ету шараларын қабылдау әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары әкімшілік-құқықтық мәжбүрлеудің ерекше құралдарын білдіреді. Оларды уәкілетті лауазымды адамдар өз өкілеттіктері шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесу, оны жасаған күдіктінің жеке басын анықтау, әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде оны жасау мүмкін болмаған кезде, адамдардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қатер төндіруді, авария немесе техногендік апаттар қатерін болғызбау үшін және мұндай шараларды қолданбау істің мән-жайларын уақтылы, жан-жақты, толық және объективті анықтауға кедергі келтіретін жағдайларда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау, заңға сәйкес оны шешу, шығарылған қаулының орындалуын қамтамасыз ету.

ҚР ӘҚБтК 801-бабына сәйкес жергілікті полиция қызметінің қызметкерлеріне жеке немесе заңды тұлғалардың құқыққа қарсы қызметін уақытша тоқтата тұру құқығы берілген, қызметті немесе оның жекелеген түрлерін тоқтата тұруға не оған тыйым салуға үш тәуліктен аспайтын мерзімге жол беріледі. Көрсетілген мерзімде Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға юрисдикциялық өкілеттіктер берілген жергілікті полиция қызметінің лауазымды адамы әкімшілік құқық бұзушылық туралы материалдарды сотқа жіберуге міндетті.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қысқартылған іс жүргізу.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қысқартылған іс жүргізу, егер құқық бұзушылық фактісін лауазымды адам оны жасаған жерде анықтаса, ол үшін ҚР ӘҚБтК 44-бабы бірінші бөлігінің бірінші абзацына сәйкес айыппұл түріндегі әкімшілік жаза көзделсе, оны жасаған жеке тұлға анықталса, ол өз кінәсін мойындайды және салынатын айыппұл мөлшерімен келіседі.

Әкімшілік құқық бұзушылық анықталған және оны жасаған адам анықталған кезде лауазымды адам оның жасалған жерінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасайды және адамға жеті тәулік ішінде

көрсетілген айыппұл сомасының елу пайызы мөлшерінде айыппұл төлеу құқығын түсіндіреді.

Көрсетілген айыппұл сомасының елу пайызы мөлшерінде айыппұлды жеті тәулік ішінде төлеген жағдайда іс мәні бойынша қаралды деп есептеледі.

ҚР ӘҚБтК-нің 811-бабының бірінші бөлігінде көзделген құқық пайдаланылмаған немесе тиісінше пайдаланылмаған (7 тәулік ішінде айыппұл төленген) жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізу жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.

Осы тараудың қағидалары бойынша қаралған істі қайта қарау ӘҚБ туралы Кодекстің 46-тарауында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Күшіне енген және күшіне енбеген қаулыларды қайта қарау тетігі осы Нұсқаулықта жеке бөлімдерде қаралды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша заңды күшіне енбеген қаулыларды қайта қарау

Жергілікті полиция қызметінің лауазымды адамы шығарған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға мынадай адамдар шағым жасай алады:

1. Өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам;
2. Жәбірленуші;
3. Жеке тұлғаның заңды өкілдері;
4. Заңды тұлғаның өкілдері;
5. Қорғаушы.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымды, наразылықты қарауға дайындау кезінде жоғары тұрған орган (лауазымды адам):

1) іс бойынша іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлардың бар-жоғын анықтайды;

2) өтініш, хаттарды шешеді, қосымша материалдарды талап етеді, шағымды, наразылықты қарау үшін қатысуы қажет деп танылған адамдарды шақырады; қажет болған кезде сараптама тағайындайды;

3) Егер шағымды, наразылықты қарау олардың құзыретіне жатпаса, оларды істің барлық материалдарымен бірге ведомстволық бағыныстылығы бойынша жібереді. (ҚР ӘҚБтК 837-бапы).

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымды, наразылықты қарауға кіріскен жоғары тұрған орган (лауазымды адам):

1) шағымды, наразылықты кім қарайтынын; қандай шағым, наразылық қаралуға жататынын; шағымды, наразылықты кім бергенін жариялайды;

2) өзіне қатысты іс бойынша Қаулы шығарылған жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің, сондай-ақ шағымды, наразылықты қарауға қатысу үшін шақырылған адамдардың келуін куәландырады;

3) жеке немесе заңды тұлға өкілдерінің, қорғаушының және өкілдің өкілеттіктерін тексереді;

4) іс жүргізуге қатысушылардың іс бойынша келмеу себептерін анықтайды және шағымды, наразылықты олардың қатысуынсыз қарау туралы не шағымды, наразылықты қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

5) шағымды, наразылықты қарауға қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

6) мәлімделген қарсылық білдірулер мен өтінішхаттарды шешеді;

7) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымды, наразылықты, ал қажет болған кезде істің өзге де материалдарын жария етеді.

Осылайша, ҚР ӘҚБтК-нің 889-бабының негізінде жергілікті полиция қызметінің әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы шығарған лауазымды адамы қаулының орындалуын тоқтатады және әкімшілік жазадан мынадай жағдайларда босатады:

1) әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңның немесе оның жекелеген ережелерінің күшін жою;

2) ҚР Конституциясын және әкімшілік-деликттік құқықтық қатынастарды реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді бұзу;

3) әкімшілік жауаптылыққа тартылған адам қайтыс болған немесе ол заңда белгіленген тәртіппен қайтыс болды деп жарияланған жағдайларда тоқтатылады;

4) ҚР ӘҚБ туралы Кодексінің 890-бабында белгіленген әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындаудың ескіру мерзімі өткен жағдайларда;

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы, егер ол заңды күшіне енген күннен бастап бір жыл ішінде орындалмаса, орындалуға жатпайды.

Егер әкімшілік жауаптылыққа тартылған адам оны орындаудан жалтарса, ескіру мерзімінің өтуі үзіледі. Бұл жағдайда ескіру мерзімін есептеу осы адам анықталған күннен бастап қайта басталады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаудың себептері мен негіздері:

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау Әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасын айқындауда, осы оқиғаға қатысты мән-жайларды белгілеуде, істі қараудың ведомстволық бағыныстылығын (соттылығын) айқындауда шешуші маңызы бар іс бойынша іс жүргізудің бастапқы кезеңі болып табылады.

ҚР ӘҚБ туралы Кодексінің 802-бабында әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау себептерінің толық тізбесі белгіленген, оған сәйкес іс бойынша іс жүргізу Әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасын көрсететін жеткілікті деректер, сондай-ақ осындай деректерді қамтитын материалдар, жеке және заңды тұлғалардың, бұқаралық ақпарат құралдарының негізделген хабарламалары мен арыздары болған кезде басталуы мүмкін. Әкімшілік жаза ретінде дисквалификацияны көздейтін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша хабарлама ісін қозғау үшін маңызы бар арнайы субъектілер анықталуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға себептер:

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға уәкілетті лауазымды адамдардың әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының болуын көрсететін жеткілікті деректерді тікелей анықтауы;

2. Құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, қоғамдық бірлестіктерден келіп түскен әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының болуын көрсететін деректерді қамтитын материалдар;

3. Жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары мен өтініштері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының болуын көрсететін деректерді қамтитын хабарламалар;

4. Жол жүрісі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықты автоматты режимде жұмыс істейтін, фото - және киноға түсіру, бейнежазба функциялары бар арнайы техникалық құралдармен немесе фото - және киноға түсіру құралдарымен тіркеу;

5. Көлік құралы меншік иесінің (иесінің) хабарламасында немесе өтінішінде қамтылған осы бөліктің 4-тармағында көзделген жағдайларда көлік құралы басқа тұлғаның иелігінде немесе пайдалануында болғаны туралы деректерді растау.

ҚР ӘҚБ туралы Кодесінің ережелері ҚР ӘҚБтК-де көзделген белгілі бір әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі осыған уәкілетті лауазымды адамдар ғана қозғай алады деп белгілейді. Осыған байланысты, сондай-ақ қылмыстық процеспен салыстырғанда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің ерекшелігін ескере отырып, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешімді уәкілетті лауазымды адам прокурордың келісімінсіз дербес қабылдайды.

Осылайша, ҚР ӘҚБ туралы Кодесінің 802-бабы өкілетті органдар немесе лауазымды адамдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы ақпарат алатын себептерді (көздерді) ашады. Әкімшілік іс жүргізу шараларын қолдануға

уәкілеттік берілген лауазымды тұлғалардың санаттарын заңнамалық реттеу де өте маңызды.¹²

Іс қозғау сатысындағы әкімшілік-іс жүргізу әрекеттері:

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау тәртібі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау туралы шешім қабылдаған кезде оның дұрыс бастапқы біліктілігі өте маңызды. ҚР ӘҚБ туралы Кодесінің бірқатар баптары қылмыспен шекаралас әкімшілік құқық бұзушылықтар құрамдарынан тұрады. Аталған құқыққа қарсы іс-әрекеттерді қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттерден ажырату қылмыстың саралау белгілерін (мысалы, келтірілген залалдың мөлшері) қамтитын ҚР ҚК-нің тиісті баптары бойынша жүзеге асырылатынын ескеру қажет. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың тәртіптік теріс қылықтардан айырмашылығын бағалау кезінде ҚР ӘҚБ туралы Кодесінің ережелерін ескеру қажет.

ҚР ӘҚБ туралы Кодесінің 802-бабының 4-бөлігі әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған болып саналатын іс жүргізу әрекеттерін айқындады. Оларға Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысты ҚР ӘҚБ туралы Кодесінің бабында көрсетілген хаттамаларды, ұйғарымдарды, қаулыларды ресімдеуге байланысты іс-әрекеттер жатады. Бұл ережелер терең зерттеуді қажет ететін сияқты.

ҚР ӘҚБ туралы Кодесінің 802-бабының 2 және 3-бөліктерінің 1-бөлігі, уәкілетті лауазымды адамға келіп түскен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау себептеріне қатысты материалдар, хабарлар мен арыздар.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қозғау үшін негіз болатын іс жүргізу құжаты болып табылады, өйткені осы құжатта тиісті бұзушылық жасау фактісі тіркеледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау мақсатында оны бұзушылық анықталған жерде жасау мүмкін болмаған кезде уәкілетті адам іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің тиісті шараларын қолдануға құқылы.

Хаттама құқық бұзушылықтардың барлық дерлік жағдайларында жасалады. ҚР ӘҚБ туралы Кодексінің жалпы ережеден екі ерекшелік белгіленген. Біріншіден, әкімшілік құқық бұзушылықтардың кейбір санаттары туралы істерді тиісті қаулылар шығаратын прокурор ғана қозғайды. Екіншіден, хаттама жасауды талап етпейтін тиісті іс-әрекеттерді процестік ресімдеу жүргізілетін құқық бұзушылық жасалған жерде ескерту немесе елеусіз мөлшердегі айыппұл түріндегі әкімшілік жаза тағайындалатын жағдайлар көзделген.

¹² «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Кодексі (01.04.2022ж).

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада оның қашан, қайда және кім жасағаны туралы деректер көрсетіледі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасаған адамның лауазымын көрсету маңызды. Хаттаманы заңсыз тұлға жасаған жағдайда ол маңызсыз болып танылады және жасалған органға қайтарылуға тиіс.

Хаттамаға өзіне қатысты іс қозғалған адам туралы мәліметтер енгізіледі. Жеке тұлғаға қатысты оның тегінен, атынан және әкесінің атынан басқа, оның туған күнін белгілеу қажет, өйткені әкімшілік жауапкершілік 16 жастан басталады, ал 16 жастан 18 жасқа дейінгі адамдарға кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау туралы федералды заңда қарастырылған ықпал ету шаралары қолданылады. Хаттамада өзге де қажетті мәліметтер көрсетіледі.

Тәртіп бұзушының жеке басы туралы мәліметтер оның қолында бар құжаттар бойынша белгіленеді. Жеке басын куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда, қажетті мәліметтер мекенжай бюросында, сондай-ақ құқық бұзушының тұрғылықты жері және жұмыс (оқу) орны бойынша телефон байланысының көмегімен тексерілуі мүмкін. Тәртіп бұзушының жеке басын анықтау мақсатында адамды жеткізуге және әкімшілік ұстауға, жеке басын тексеруге, заттарын, Көлік құралдарын тексеруге және заттары мен құжаттарын алып қоюға жол беріледі.

Осыған ұқсас жағдай іс қозғалған заңды тұлғаға да тән. Заңды тұлғаның атауы және орналасқан жері туралы мәліметтер қажет болған жағдайда ҚР ақтпарат құралдарына сәйкес өзге де мәліметтермен толықтырылады. Бұл заңды тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту ерекшеліктерін анықтайтын ҚР ӘҚБ туралы Кодесінің ережелерінен туындайды. құқық бұзушы туралы деректерді анықтау мақсатында заңды тұлғаға тиесілі үй-жайларды, аумақтарды, ондағы заттар мен құжаттарды қарау қолданылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада жәбірленушілердің және куәлардың Тегі, Аты, Әкесінің аты, мекен-жайы көрсетіледі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауды жүзеге асыратын жеке тұлғалардың пайымдауынша, хаттама жасау кезінде куәгерлердің болуы міндетті шарт болып табылмайтынына назар аудару маңызды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған орны, уақыты және оқиғасы тіркеледі.

Құқық бұзушылықтың Орнын белгілеу қажет, өйткені жалпы ереже бойынша Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс оның жасалған жерінде қаралады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша Қаулы құқық бұзушылық жасалған күннен бастап екі айдан кешіктірілмей (жекелеген

жағдайларда - бір жылдан кешіктірілмей) шығарылуы мүмкін екендігіне байланысты құқық бұзушылық жасалған уақытты көрсетудің маңызы зор.

Жасалған құқық бұзушылық оқиғасының толық сипаттамасы оның дұрыс саралануы үшін, яғни ҚР ӘҚБтК-нің осындай іс-әрекеттер (әрекетсіздік) үшін әкімшілік жауаптылық көзделген ерекше бөлігінің бабын айқындау үшін қажет.

Хаттамада жасалған бұзушылық үшін жауапкершілікті белгілейтін ҚР ӘҚБ туралы Кодесінің ерекше бөлімінің бабы көрсетіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада өздеріне қатысты іс қозғалған жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның заңды өкілінің түсіндірмесі тіркеледі. Заңды тұлғаның заңды өкілі оның басшысы, сондай-ақ заңға немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның органы таныған өзге де тұлға болып табылады.

Бұл түсініктемелердің болуы іс бойынша дәлелдердің бір көзі болып табылады. Олар хаттамада көрсетіледі, ал қажет болған жағдайда жазылады және іске тігіледі. Құқық бұзушының түсініктемелеріне сүйене отырып, оның іс-әрекетінде кінәсінің бар екендігі туралы қорытынды жасауға және жауапкершілікті жеңілдететін жағдайларды анықтауға болады, мысалы, шын жүректен өкіну немесе бұзушылық жасауға ықпал ететін күшті эмоционалды толқу.

3) ПО-ның басқа бөлімшелерімен бірлесіп ішкі істер органдарында енгізілетін және қолданылатын ақпараттық жүйелердің, электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық-коммуникациялық және телекоммуникациялық желілердің, байланыс желілері мен құралдарының, ұйымдастыру және есептеу техникасының, аппараттық-бағдарламалық кешендердің, бағдарламалық өнімдер мен ақпаратты қорғау құралдарының тиімділігін бағалау тәртібі мен кезеңділігін айқындайды, бағалауды жүзеге асырады, бағалау нәтижелері бойынша ПМ басшылығына оларды қолдану тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) электрондық ақпараттық ресурстарды, Ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық және телекоммуникациялық желілерді, байланыс желілерін дамыту, ПО қызметін техникалық жарактандыруды жақсарту және автоматтандыру саласындағы мемлекеттік және ведомстволық бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

¹⁷ «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14E0010007> 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығы.

5) ПО-ның басқа бөлімшелерімен бірлесіп, олар жүзеге асыратын функциялар мен процестердің автоматтандыру дәрежесін талдайды, талдау қорытындылары бойынша ПМ басшылығына автоматтандырудың және одан әрі жаңғыртудың орындылығы туралы ұсыныстар енгізеді;

6) ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар саласындағы перспективалық әзірлемелерді қадағалайды, техникалық кеңестің және ПМ басшылығының қарауына оларды ішкі істер органдарына енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

7) ПО-ның техникалық қамтамасыз етілу жай-күйін талдау негізінде Министрліктің бюджет саясатын қалыптастыру процесінде ПО-ны техникалық жарақтандыруды қаржыландыратын ПМ бюджеттік бағдарламаларына ұсыныстар енгізеді;

8) техникалық жарақтандыруды ұйымдастыруда жаңа тәсілдерді пайдалану арқылы ПО қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды әзірлейді;

9) заңнамада белгіленген тәртіппен ішкі істер органдарына жүктелген міндеттерді іске асыру үшін ақпараттық-коммуникациялық желілерді әзірлеуді, құруды, енгізуді және дамытуды ұйымдастырады, оларды пайдаланудың белгіленген қағидаларының сақталуына бақылауды жүзеге асырады;

10) ақпараттық-коммуникациялық желілердің, оның ішінде штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде орнықты жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

11) ПО-ны ұйымдық және компьютерлік техникамен, байланыс және ақпаратты қорғау құралдарымен, өзге де техникалық жарақтандыру құралдарымен жарақтандырудың деңгейі мен сапасын арттыруға бағытталған іс-шараларды әзірлейді және іске асырады;

12) ПО қызметіне инновациялық технологияларды енгізу, Ішкі істер органдарына жеткізілетін өнімнің сенімділігі мен сапасын арттыру мәселелері бойынша ынтымақтастықты және өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

13) ӘҚҚ бөлімшелерінің ӘҚҚ ақпараттық ресурстарына санкцияланған қол жеткізуінің техникалық мүмкіндігін, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдармен, сондай-ақ басқа мемлекеттердің құзыретті органдарымен ақпарат алмасудың техникалық мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

14) техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру мәселелерінде ПО бөлімшелеріне практикалық және әдістемелік көмек көрсетеді;

15) ақпараттық-коммуникациялық желілердің жұмысын, ПО қызметін техникалық жарақтандыру мен автоматтандыруды регламенттейтін

нормативтік құқықтық және құқықтық актілер талаптарының орындалуын бақылайды.

ТҚД-нің құқығы:

Құжаттарды әзірлеу, дайындау және ІІМ басшылығына бекітуге енгізу;

ТҚД құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар, анықтамалық және талдамалық материалдар, нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу;

ПО техникалық қызмет бөлімшелері құрылымдарының жобаларын әзірлеу;

ПО құрылымдық бөлімшелерінен қызметті ұйымдастыру үшін қажетті мәліметтерді сұратуға;

ПО бөлімшелеріне қатысты өз құзыреті шегінде ұйымдастырушылық-өкімдік функцияларды жүзеге асырады;

Техникалық қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ҚР және шет мемлекеттердің мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарымен, ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау.

ТҚД міндетті:

ПО қызметін техникалық қамтамасыз ету жай-күйінің тұрақты мониторингін жүзеге асыру;

ПО телекоммуникациялық кешені мен ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

ПО-ның міндеттері мен функцияларын іске асыруға кедергі келтіретін ПО-ның телекоммуникациялық кешенінің және ақпараттық қауіпсіздік жүйесінің жұмыс істеуіндегі бұзушылықтар туралы ІІМ басшылығын дереу хабардар етуге;

Ішкі істер органдарында ТҚД құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заңнама талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады, анықталған бұзушылықтарды жоюға уақтылы шаралар қабылдайды.

ТҚД заңнамалық актілерге, ҚР Президентінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзінің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыру үшін қажетті өкілеттіктерге ие. ТҚД бастығының орынбасары болады.

Бастық ТҚД қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады, ТҚД-ға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз функцияларын жүзеге асыруына, сондай - ақ ТҚД-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимылдың жай-күйіне дербес жауапты болады.

11. Әкімшілік сыбайлас жемқорлықты ескерту және алдын алу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияда сыбайлас жемқорлық деңгейін түбегейлі қысқартуға, мемлекет пен қоғам өмірінің түрлі

салаларында оны туғызатын себептер мен жағдайларды жоюға қабілетті алдын алу сипатындағы кешенді шараларға жетекші рөл берілуге тиіс. Яғни, басты назар сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен күреске емес, оның алғышарттарын жоюға аударылуы тиіс.

Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыру бизнесті дамыту жолындағы әкімшілік кедергілерді жою, Қазақстанда жұмыс істейтін отандық және шетелдік кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін кез келген сыбайлас жемқорлық көріністерінен тиімді қорғау жөніндегі шаралардың басымдығын да көздейді.

Тұтастай алғанда, мұндай Стратегия мемлекет пен қоғамның тыныс - тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, жан-жақты және дәйекті сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешенін әзірлеу мен жүзеге асыруды көздеуге және сол арқылы мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде, сондай-ақ жеке секторда сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуды қамтамасыз етуге, қазақстандық азаматтардың осы әлеуметтік зұлымдыққа төзімсіз көзқарасын қалыптастыруға тиіс.

Бұл ретте Стратегия айқындайтын базалық бағыттар мәңгіге деректер бола алмайды. Олар жекелеген іс-шаралардың орындалуына қарай және сыбайлас жемқорлық құбылысын, оның себептерін, сыбайлас жемқорлық мінез-құлқының уәждемесін терең талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы істердің жай-күйін байыпты және объективті бағалау нәтижелерін ескере отырып түзетілуге тиіс.

Қазақстандық мемлекет дамуының алдыңғы кезеңдерінде жалпы танылған нәтижелерге қол жеткізілді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл ісінде айқын оң үрдістер байқалды, оларды күшейту және дамыту ел дамуының қазіргі заманғы кезеңінде осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны табысты іске асырудың кепілі болады.

Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып осы келеңсіз құбылыспен күрестің мақсатын, міндеттерін, негізгі қағидаттары мен тетіктерін айқындаған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңды қабылдады.

2001 жылдан бастап сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламалар іске асырылуда, олардың шеңберінде сыбайлас жемқорлық көріністерінің туындау себептері мен жағдайларын жою жөнінде нақты шаралар қабылдануда.

1999 жылдан бастап қолданыстағы «Мемлекеттік қызмет туралы» Заң және 2005 жылы Мемлекет басшысы бекіткен мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексі Қазақстанда есеп берушілік, ашықтық және меритократия қағидаттарында құрылған кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыру үшін негіз жасады.

Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы реттеуші және құқық қорғау функцияларын біріктіретін арнайы мемлекеттік орган құрылды. Ол мемлекеттік қызметті ұйымдастыру мен өткеру және мемлекеттік аппарат тазалығының мониторингі мәселелерін реттеуге ғана арналған емес, оған сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оның профилактикасы, сондай - ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған адамдарды қылмыстық қудалау функциясы да берілген.

Бұл ретте алдын алу-профилактикалық қызмет жаңадан құрылған орган үшін басым болып табылады.

Жазаның бұлтартпастығы қағидаты табысты іске асырылуда. Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін жасағаны үшін әшкереленген шенеуніктер атқарып отырған қызметтері мен дәрежесіне қарамастан, заңның барынша қатаңдығы бойынша жауапты болады.

Қылмыстық-құқықтық саясат лауазымды адамдардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін қатаң жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін қатаң жауапкершілік қажеттілігі Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көзделген.

Мұндай қағидатты ұстаным жаңа Қылмыстық кодексте іске асырылған. Мәселен, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарға ескіру мерзімі қолданылмайды, шартты түрде соттауға тыйым салынады, мемлекеттік қызметте қызмет атқару құқығына өмір бойына тыйым салынады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қылмыстық жолмен алынған мүлікті тәркілеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін басшылардың дербес жауапкершілігі жөніндегі нормалармен толықтырылды. Онда «мүдделер қақтығысы» сияқты маңызды ұғым бекітілген.

Бұл ретте мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін күшейтумен қатар олардың әлеуметтік кепілдіктері де жетілдірілуде.

Мемлекеттік аппараттың жалақысын кезең-кезеңімен, тұрақты түрде арттыру мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік өзін-өзі сезінуін арттыруға және олардың өз міндеттерін адал және әділ негізде орындауы үшін жағдай жасауға арналған.

Құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғыртудың 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасында және құқық қорғау органдарының кадр саясаты тұжырымдамасында құқық тәртібі органдарына сенім деңгейін арттыруға, мінсіз жүріс-тұрыспен және құзыреттіліктің жоғары деңгейімен ерекшеленетін персоналды қалыптастыруға бағытталған шаралар көзделген.

Сот жүйесіне деген сенімді арттыруға, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау ісінде оның рөлін күшейтуге ерекше назар

аударылуда. Судьялар корпусын қалыптастыру тетігін жетілдіру, электрондық сот ісін жүргізуді дамыту, оның ашықтығы мен қолжетімділік деңгейін арттыру жөнінде шаралар қабылданды.

Жер - жерде ақпаратқа қолжетімділік кеңейтілді, оған электрондық үкіметті, сондай-ақ мемлекеттік және жеке құрылымдардың интернет-ресурстарын қалыптастыру жөніндегі шаралар ықпал етті.

Азаматтардың сыбайлас жемқорлық фактілері туралы кедергісіз ақпарат алуы, оның ішінде Сенім телефондары мен мемлекеттік органдардың веб - сайттары арқылы кедергісіз ақпарат алуы үшін жағдайлар жасалды.

Елдің инвестициялық тартымдылығын күшейту, оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында кәсіпкерлік қызметті, халықтың сапалы және жылдам мемлекеттік қызметтер алуын қиындататын әкімшілік кедергілер жойылуда.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңның және «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Заңның қабылдануымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру үшін жағдайлар жасалды, рұқсаттар саны мен қызметтің лицензияланатын түрлері күрт азайды.

Мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиімділігін бағалау және сапасын сыртқы бақылау жүйесі қалыптастырылды.

Мемлекеттік сатып алуды автоматтандыру деңгейі артып келеді, бұл бәсекелестік ортаның қалыптасуына, бюджет қаражатының ашық және тиімді игерілуіне ықпал етеді.

Экономиканың мемлекеттік емес секторында кәсіпкерлік қызметті жүргізу, жұмысқа орналасу және халықты жұмыспен қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасалған.

Тұтастай алғанда, аталған шаралардың қабылдануы Қазақстанға сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет деңгейі бойынша Орталық Азия өңірінде де, ТМД елдері арасында да көшбасшы орындардың бірін алуға мүмкіндік берді.

Күрделі тарихи өзгермелі, келеңсіз әлеуметтік құбылыс болып табылатын сыбайлас жемқорлық адамзат өркениеті дамуының ерте кезеңдерінде пайда болғаны белгілі.

Сыбайлас жемқорлық проблемасы барлық елдерде бар, әлеуметтік-экономикалық прогреске кедергі келтіреді, ол тек өзіне тән көріністерімен және ауқымымен ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлық іс-әрекетінің әмбебап және жан-жақты анықтамасының болмауына қарамастан, оған ең алдымен шенеуніктердің билікті немесе лауазымдық жағдайын жеке пайда алу үшін теріс пайдалануын жатқызады, ал оның неғұрлым кең таралған түрлері ретінде

әдетте шенеуніктерді сатып алу, қызметтік өкілеттіктерін пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалану танылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді шараларын әзірлеудің күрделілігі оның әрбір жеке мемлекет үшін ерекшеліктеріне және оның өзгермелі сипаттамаларына байланысты қиындықтарына да байланысты.

Сыбайлас жемқорлықтың себептерін, жағдайлары мен салдарларын айқындау кезінде жергілікті діл, ұлттық және діни ерекшеліктер, құқықтық мәдениеттің деңгейі сияқты факторлар ескерілуге тиіс.

Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді әрі жүйелі іс-қимылдың басты шарттары билік органдарының қоғамға есеп берушілігі мен оның бақылауында болуы, сот төрелігінің тәуелсіздігі мен әділдігі, баяндауда анық және қолдануда күрделі емес заңдар, мемлекеттің кадр саясатындағы меритократия, мемлекеттік рәсімдердің ашықтығы және қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік болып танылады.

Экономиканы жаңғырту және ауқымды әлеуметтік өзгерістер жағдайында Қазақстанда мемлекеттің қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланыстырылған, біздің қоғамымыздың мәдениеті мен этикасын, осы әлеуметтік зұлымдықпен күрестегі халықаралық трендтерді ескеретін тұтастай сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияға қажеттілік барған сайын айқын бола түсуде.

Стратегия сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттырудың жаңа тетіктері мен құралдары үшін негіз болады.

Тікелей құқық қорғау құрамдасынан басқа, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта мемлекеттік басқарудың, мемлекеттік қаражатты бөлудің және пайдаланудың ғылыми негізделген нысандары мен әдістерін таңдау және осының негізінде сыбайлас жемқорлықтың себептері мен жағдайларын жою да маңызды болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жүйесінде негіз қалаушы буын сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, олардың туындауына ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және барынша азайту болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, олардың әртүрлі салалар мен салаларда таралу деңгейін бағалау мемлекеттік, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті нормативтік-құқықтық реттеудегі олқылықтарды, мемлекеттік-құқықтық реттеу тетіктерінде туындайтын проблемаларды анықтауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет

процесінде құқық қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған шараларды әзірлеуге ықпал етеді.¹⁸

Мемлекеттік қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың түйінді бағыттары, негізгі тәсілдері мен басым шаралары.

Сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің салдарынан материалдық және материалдық емес игіліктер заңсыз алынады, оның нәтижесінде қоғам мүдделеріне нұқсан келтіріледі және мемлекеттік биліктің беделі төмендейді.

Сондықтан мемлекет қызметтік өкілеттіктерді пайдакүнемдік мақсаттарда пайдалану тиімсіз және мүмкін болмайтын барлық шараларды одан әрі қабылдап, жағдай жасайтын болады.

Осындай маңызды шаралардың бірі мемлекеттік қызметшілердің өз кірістерін ғана емес, шығыстарын да декларациялау болады. Бұдан әрі мұндай декларациялау бүкіл халыққа қолданылатын болады, бұл мемлекеттік қызмет жүйесінде заңдылықты сақтауға және ашықтықты қамтамасыз етуге оң ықпал етеді.

Мемлекеттік аппаратта сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету үшін шенеуніктердің жалақысы мен әлеуметтік жеңілдіктерін мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерінің кеңеюіне қарай одан әрі кезең-кезеңімен арттыру көзделеді. Бұл міндет мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жеке сектормен салыстырғанда әзірше бәсекеге қабілеттілігі жеткіліксіз болып қалатынын ескере отырып та өзектендіріледі.

Мемлекеттік қызметшілердің сатылмайтындығы және олардың қызметінің ашықтығы – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының табысты болуының негізі.

Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алғышарттарының бірі шенеуніктің азаматпен тікелей байланысы болуы да болып табылады. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу рәсімі неғұрлым қарапайым және ашық болса, сыбайлас жемқорлық деңгейі соғұрлым төмен болады.

Осыған байланысты бірқатар мемлекеттік функцияларды мемлекеттік емес секторға – өзін-өзі реттейтін ұйымдарға кезең-кезеңімен беру жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Адам факторының әсері қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалануды азайтады. Нәтижесінде халыққа электрондық форматта көрсетілетін қызметтердің көлемі өсетін болады, оның ішінде осындай форматта рұқсаттарды беру де қамтамасыз етіледі.

Білім беру мен денсаулық сақтауды қоса алғанда, әлеуметтік саланың базалық салаларында тиісті қызметтерді электрондық түрде көрсету сыбайлас жемқорлықты төмендетуге ықпал ететін болады.

¹⁸ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы». 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗаңы <https://www.google.com/search> (012.04.2022ж)

Қызметтің неғұрлым сыбайлас жемқорлық саласына жататын мемлекеттік сатып алу жүйесі жаңғыртылатын болады. Дәл осы жерде әрбір төртінші сыбайлас жемқорлық қылмыс жасалады.

Жағдайды түбегейлі жақсарту үшін бірыңғай операторды бекіту, тауарларды автоматтандырылған іріктеуді енгізу, орындалған жұмыстар мен қызметтерді қабылдау рәсімдерін жетілдіру сияқты шаралар қажет болады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету, оның ішінде кеден, салық салаларында, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, банк қызметі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету рәсімдері барынша автоматтандырылатын болады.

«Бір терезе» қағидаты бойынша халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесі де кеңейтіледі.

Тұтастай алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда ашықтық қағидаты түйінді фактор болып табылады, сондықтан да оны енгізу жөніндегі жұмыс тұрақты, жүйелі негізде, оның ішінде мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасы мен қолжетімділігіне мониторинг арқылы жүргізілетін болады.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың пәрменді тетігі қоғамдық бақылау болып табылады.

Мұндай бақылауды енгізу азаматтық қоғам институттарын жандандыруды ғана емес, тиісті заңнамалық реттеуді де талап етеді.

«Қоғамдық бақылау туралы» Заңның қабылдануы азаматтық бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудың базалық қағидаларын нормативтік құқықтық бекіту арқылы оның біртұтас жүйесін алғаш рет жасауға мүмкіндік берер еді.

Мұндай заң институттары мемлекеттің беделін нығайтуға және мемлекеттік аппарат жұмысының сапасын арттыруға жәрдемдесетін азаматтық қоғамды одан әрі дамытуда маңызды рөл атқаруға арналған.

Азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қозғайтын мәселелер бойынша қоғамдық тыңдаулар, мемлекеттік органдар шешімдеріне қоғамдық сараптама жүргізу үшін басшылардың жұртшылық алдындағы есептерін тыңдау және азаматтардың алқалы органдардың жұмысына қатысуы үшін құқықтық негіз жасалатын болады.

Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттердің өзін де, сондай-ақ қоғам мен мемлекеттің тыныс-тіршілігінің басқа да әлеуметтік маңызы бар мәселелерін шешуге де ықпал ететін болады.

Бұл ретте қоғамдық бақылаудың ел Конституциясының талаптарына сәйкес мемлекеттің бақылау функцияларынан аражігі нақты ажыратылуға тиіс.

Мемлекеттік аппарат жұмысының ашықтығын қамтамасыз етудің тағы бір құралы «Жария ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заң болуға тиіс, ол жария

ақпаратты алушылардың құқықтарын, оны беру, есепке алу және пайдалану тәртібін бекітеді.

Жария ақпаратқа еркін қол жеткізу халықтың шенеуніктермен артық байланыс жасау қажеттілігін жояды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы табысты күрестің аса маңызды факторы азаматтардың жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге тікелей қатысу мүмкіндігі болып табылады. Бұған жергілікті өзін-өзі басқару өкілеттіктерін кеңейтуді көздейтін заңның қабылдануы ықпал етеді.

Халыққа ең алдымен жергілікті өзін-өзі басқарудың бюджеттік бағдарламалары бойынша қаражаттың пайдаланылуына мониторинг пен бақылауға қатысу мүмкіндігін берген жөн.

Халықаралық ұйымдардың деректері бойынша квазимемлекеттік және жекеше сектордағы сыбайлас жемқорлықтың қаупін оның мемлекеттік сектордағы ауқымымен салыстыруға болады.

Квазимемлекеттік секторда мемлекеттік сатып алулардың көлемінен жиі асып түсетін бюджет кезінде сыртқы жағынан сыбайлас жемқорлық проблемасы соншалықты өткір емес. Алайда, қазіргі жағдай бұл сектордағы ашықтықтың жеткіліксіздігін көрсетеді. Сондықтан осы сектордағы есеп берушілікті, бақылауда болуды және шешімдер қабылдау рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ететін ұйымдық-құқықтық тетіктер қажет.

Қазақстанның әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына кіруі іскерлік этика мен бизнесті адал жүргізудің қазіргі заманғы қағидаттарын сақтаған кезде ғана мүмкін болады.

Жұмыс істеп тұрған Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы отандық бизнестің мүдделерін қорғаумен қатар, оның ашықтығы мен сатылмағандығы үшін жауапкершіліктің өз үлесін көтеруге және корпоративтік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдауға тиіс.

Бұл жолдағы алғашқы қадам жасалды да – Бизнестің сыбайлас жемқорлыққа қарсы хартиясы әзірленді. Онда Қазақстанның сыбайлас жемқорлықтан азат жеке кәсіпкерлігінің негізгі қағидаттары мен постулаттары жарияланған.

Қаржы-шаруашылық қызметтің түрлі салаларында алдағы уақытта бірқатар басқа да сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылдау қажет.

Сондай - ақ квазимемлекеттік және жекеше сектор субъектілерінің азаматтарға қызметтер көрсетуі кезінде ашықтықты қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Бұл, оның ішінде банк саласында электрондық технологияларды пайдалануды кеңейту, табиғи монополиялар саласындағы тарифтерді айқындау үшін нақты критерийлерді белгілеу, мемлекеттің құрылыс саласына және экономиканың басқа да салаларына қатысуын қысқарту.

Сонымен қатар жеке сектордағы сыбайлас жемқорлық көріністерімен күрес ол инвестициялық ахуалдың нашарлауына және кәсіпкерлер үшін тәуекелдердің туындамайтындай етіп жүргізілуге тиіс.

Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігі бірінші кезекте негізгі буыны сот төрелігінің мінсіз жүйесі болып табылатын құқық үстемдігін қамтамасыз ету жүйесіне байланысты.

Сот жүйесіне деген сенімді арттыру, сот төрелігін іске асыру сапасын жақсарту үшін судьялар қызметіндегі сыбайлас жемқорлықты болдырмау, оның ішінде судьялыққа кандидаттарға қойылатын талаптарды қатаңдату арқылы болғызбау жөнінде шаралар қабылданатын болады.

Сот ісін жүргізуді оңайлату, оның жеделдігін арттыру, соттар қызметін автоматтандыру сот төрелігіне еркін қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сот жүйесі қызметінің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Құқық қорғау жүйесінің жұмысындағы басымдықтар жасалған қылмыстарды анықтаудан олардың профилактикасы мен алдын алуға ауысуы тиіс.

Құқық қорғау органдарының кадр саясатында мемлекеттік әкімшілік қызмет жүйесінде қолданылып жүрген конкурстық іріктеу тетіктерін және меритократия қағидатын енгізу қажет.

Қызметкерлерді аттестаттау және тестілеу рәсімдері жетілдіріледі, оларды кадр резервін пайдаланбай ауыстыруға тыйым салынады.

Құқық қорғау қызметі саласында сыбайлас жемқорлық орта әлеуетті құрылымдар қызметкерлерінің азаматтармен байланыстары кезінде де туындауы мүмкін.

Бұл проблеманы шешу көп жағдайда құқық қорғаушылар қатарының тазалығына, жаңа технологияларды одан әрі енгізуге және тиісті рәсімдерді автоматтандыруға байланысты болады.

Сыбайлас жемқорлықтан бойын аулақ ұстайтын құқық қорғау органдары ғана азаматтардың құқықтарын, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін тиімді қорғауға қабілетті. Халықтың сенімі құқық қорғау қызметін бағалаудың басты критерийі болуға тиіс.

Осы Стратегияда көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешені жұртшылықтың кең қатысуымен сүйемелденуі тиіс.

Мемлекет пен қоғамның тығыз серіктестігі ғана сыбайлас жемқорлыққа табысты қарсы тұруға мүмкіндік береді.

Қоғамның қолдауынсыз жоғарыдан жүргізіліп жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар тек ішінара нәтиже береді.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік әрбір қазақстандықтың азаматтық ұстанымына, ал Адалдық пен Сатылмаушылық мінез – құлық нормасына айналуы тиіс.

Азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті, сыбайлас жемқорлыққа тұрақты иммунитеті, оны көпшілік алдында сөгу болмаса, қалаулы нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Әрбір қазақстандық, әрбір отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – бүкіл қоғамның ісі екенін түсінуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруда өскелең ұрпақпен жұмыс қағидатты маңызды рөл атқарады. Тек ерте жастан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын енгізу ғана бұл әлеуметтік зұлымдықты жоюға мүмкіндік береді.

Бала кезінен тұлғаны қазақстандық патриотизм және сыбайлас жемқорлықты қабылдамау рухында тәрбиелеу маңызды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытатын курстармен барлық оқу орындарын, мемлекеттік органдарды және тұтастай алғанда азаматтық қоғамды қамту қажет.

Әкімшілік жауапкершілікке тарту ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексіне сәйкес жүргізіледі. Лауазымды адам өзінің қызметтік міндеттерін орындамауына не тиісінше орындамауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда әкімшілік жауаптылыққа жатады.

Бұл ретте, ӘҚБтК-не қатысты лауазымды адам билік өкілінің функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттіктерге сәйкес жүзеге асыратын, яғни өзіне қызметтік тәуелді емес адамдарға қатысты заңда белгіленген тәртіппен өкімдік өкілеттіктер берілген адам, сол сияқты мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, мемлекеттік және муниципалдық ұйымдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды, Қазақстанның басқа әскерлері мен әскери құралымдары. Ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындауға байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған өзге ұйымдардың басшылары мен басқа да қызметкерлері, сондай-ақ ҚР ӘҚБтК баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған директорлар кеңестерінің (байқаушы кеңестердің), алқалы атқарушы органдардың (басқармалардың, дирекциялардың), есеп комиссияларының, тексеру комиссияларының (ревизорлардың), заңды тұлғалардың тарату комиссияларының мүшелері және басқа ұйымдардың жеке-дара атқарушы органдарының өкілеттіктерін жүзеге асыратын ұйымдардың басшылары, лауазымды тұлғалар ретінде әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Мемлекеттік немесе муниципалдық Тапсырыс беруші, бюджеттік мекеме, уәкілетті орган құрған конкурстық, аукциондық, баға белгілеу немесе бірыңғай комиссия мүшесінің функцияларын жүзеге асыратын, ҚР ӘҚБтК баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар лауазымды тұлғалар ретінде әкімшілік жауаптылықта болады. Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, әкімшілік құқық

бұзушылықтар жасаған тұлғалар лауазымды адамдар ретінде әкімшілік жауаптылықта болады.

Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтарға ҚР ӘҚБ туралы Кодексіне сәйкес құқық бұзушылықтардың мынандай түрлері жатады:

676-бап. Жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі.

677 бап. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы

678-бап. Заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі

679-бап. Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы

680-бап. Мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы

681 бап. Бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау.¹⁹

Сонымен, ҚР ӘҚБ туралы Кодексіне сәйкес лауазымды тұлғаға, коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын тұлғаға, шетелдік лауазымды тұлғаға не жария халықаралық ұйымның лауазымды тұлғасына заңды тұлғаның атынан немесе мүддесі үшін заңсыз ақша, бағалы қағаздар, өзге мүлік беру, оған мүліктік сипаттағы қызметтер көрсету, осы заңды тұлғаның мүддесі үшін лауазымды адамның, коммерциялық немесе өзге ұйымда басқару функцияларын орындайтын адамның мүліктік құқықтар беруі, шетелдік лауазымды адам не жария халықаралық ұйымның лауазымды адамы атқаратын қызмет жағдайына байланысты іс-әрекеттер (әрекетсіздік) заңды тұлғаларға заңды тұлғаның атынан заңсыз берілген немесе көрсетілген не уәде етілген немесе ұсынылған ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік немесе мүліктік сипаттағы қызметтер құны тәркіленіп, ақша қаражатының, бағалы қағаздардың, өзге де мүліктің, мүліктік сипаттағы қызметтер көрсетудің, өзге де мүліктік құқықтардың үш еселенген сомасына дейінгі мөлшерде, бірақ кемінде бір миллион, өзге де мүліктік құқықтардың болуы.

Бүгінгі таңда салық қызметі органдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйелі және кешенді сипатқа ие болып, ең алдымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңын іске асыру және «Мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексін» сақтау жөніндегі шараларға негізделген.

Салық басқармасында мынадай іс-шаралар жүзеге асырылуда:

- салық төлеушілер мен басқарма қызметкерлері арасындағы байланыс электронды түрде салық есептілігін тапсыру арқылы азайтылды, осыған байланысты, бір жағынан, Басқарма қызметкерлері тарапынан қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану ықтималдығы азайтылды, ал екінші жағынан, салық төлеушінің уақыты үнемделді және лауазымды тұлға қызметтік міндеттерін орындау кезінде пара беру мүмкіндігі жойылды;

¹⁹ «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V Кодексі

- салық төлеушілерге мемлекеттік қызмет көрсету кезінде салық қызметі қызметкерлерінің іс-әрекеттерін регламенттеу жолымен Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған жұмыс тұрақты негізде жүзеге асырылады;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және қызметтік әдепті сақтау мәселелері жөніндегі комиссия тұрақты негізде жұмыс істейді;

- басқарма қызметкерлері тарапынан құқыққа қарсы іс-әрекеттер мүмкіндігін болдырмау мақсатында салық төлеушілердің назарына «Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің Хартиясы» жеткізілді, онда салық төлеушілердің құқықтары айқындалды;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта құқықтық жалпы оқыту бойынша сабақтар, семинарлар, тех оқу тұрақты түрде өткізіліп тұрады;

- салық басқармасының ғимаратында қызметкерлерге бақылау жасауға мүмкіндік беретін бейнекамералар жұмыс істейді, шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшіктер мен кітаптар орнатылған;

- басқарма қызметкерлерінің заңсыз әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) салық төлеушілерден жедел ақпарат алу үшін шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшік орнатылған, сондай-ақ «сенім телефоны» жұмыс істейді.

Алайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті ол құзыретіне кіретін мемлекеттік органдар ғана емес, сонымен бірге бүкіл қоғам, осы бапқа қатысты - барлық салық төлеушілер жүзеге асыруы тиіс екенін есте ұстаған жөн. Өйткені, сыбайлас жемқорлық қылмыс тек пара алу ғана емес, сонымен қатар парақорлыққа делдал болу және пара беру болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңында, сондай-ақ өзге де заңдарда көзделген, заңдарда белгіленген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын әрекеттер сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтар болып табылады.

Қазіргі уақытта «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңында сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын барлық ұғымдар, сондай-ақ құқық бұзушылықтар және олар үшін жауапкершілік нақты айқындалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиімді іс-қимылға азаматтық қоғамның барлық институттарын біріктіру арқылы ғана қол жеткізуге болады, өйткені сыбайлас жемқорлық құбылыстары барынша азайтылған мемлекеттер ғана шынайы экономикалық өркендеуге қол жеткізеді.

ҚР ӘҚБ туралы» Кодексінің 34-тарауында әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік айқындалған, мысалы:

- жеке тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға немесе оларға теңестірілген адамдарға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер жасалған әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса;

- айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның жеке өзі немесе делдал арқылы заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, жеңілдіктерді не көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына жасаған әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның қызметтік өкілеттіктеріне кіретін болса, егер жасалған әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, оларды алуы-заңсыз материалдық сыйақыны, сыйлықтарды, жеңілдіктерді не;

- үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

- заңды тұлғалардың мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға немесе оларға теңестірілген адамдарға заңсыз материалдық сыйақы, сыйлықтар, жеңілдіктер беруі не қызметтер көрсетуі, егер жасалған әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, - айлық есептік көрсеткіштің жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

- осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер;

- заңды тұлғаның қызметіне тыйым салуға әкеп соғады.

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға немесе оған теңестірілген адамға заңсыз материалдық сыйақылар, сыйлықтар, өзге де материалдық игіліктер, көрсетілетін қызметтер, жеңілдіктер немесе артықшылықтар берген жеке, заңды тұлғалар, егер оларға қатысты мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның немесе оған теңестірілген адамның тарапынан қорқытып алушылық орын алса немесе егер осы жеке, заңды тұлғалар болған жағдай туралы құзыретті органдарға ерікті түрде он күн мерзімде мәлімдесе, жауаптылыққа жатпайды.

- мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өздеріне заңнамада жүктелген функциялардан тыс кәсіпкерлік қызметпен айналысуы не белгіленген қаржыландыру көздерінен басқа материалдық игіліктер мен артықшылықтарды қабылдауы, бұл ұйымдардың басшыларына айлық есептік көрсеткіштің жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

«Астана-жаңа қала» салық басқармасы қабылдайтын шаралар сыбайлас жемқорлық сияқты мемлекет үшін қауіпті құбылысқа қарсы күресте оң нәтижелер береді, мұны 2008 жылдан бастап салық басқармасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасалмаған факт куәландырады.

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 207 «Қылмыстық Кодексі» (2021 жылғы 2 қаңтардағы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулар (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>).
2. «Мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2015жылғы 23 қарашадағы № 416 Заңы (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>).
3. «Құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 271-IV Заңы (2020 жылғы 19 желтоқсандағы жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен) (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080001086>).
4. «Мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы №416-Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000416>
5. «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы Жолдауы.
6. «Қазақстан -2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті –елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ.,2012 жылғы 14 желтоқсан <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>
7. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері». Қазақстан Республикасы Президентінің 2018жылғы 10 қаңтардағы Жолдауы.
8. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» ҚР Президентінің 2018жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығы.
9. «Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 7 наурыздағы № 523 Жарлығы.
10. Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарындағы конкурстық негізде орналасатын лауазымдар тізбесін, Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарына қызметке кіру кезінде конкурс және тағылымдама өткізу қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 870 бұйрығы.
- 11 «Конкурстық негізде орналасатын ҚР ПО лауазымдарының тізбесін, ҚР ПО-ға қызметке кіру кезінде конкурс және тағылымдама өткізу қағидаларын бекіту туралы». ҚР ПМ 2013 жылғы 27 тамыздағы №522 бұйрығы.
12. «Ішкі істер органдарына түсетін адамдар үшін бастапқы кәсіптік даярлыққа іріктеу қағидаларын және оны өту шарттарын, сондай-ақ оларды

бастапқы кәсіптік даярлықтан шығару негіздерін бекіту туралы» ҚР ИМ 2020жылғы 13 наурыздағы № 211 бұйрығы

13. «ҚР Әділет министрлігінің кәсіптік стандарттарын бекіту туралы» ҚР ӘМ 2015 жылғы 29 қаңтардағы № 58 бұйрығы.

14. «ҚР ПО-ға қатардағы, кіші және орта басшы құрам лауазымдарына бірінші рет кіретін адамдар үшін бастапқы оқытудан өту қағидаларын бекіту туралы» ҚР ИМ 2011 жылғы 26 сәуірдегі №187 бұйрығы

15. «ПО-ның қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің сыныптық біліктілігін беру, арттыру, растау, сақтау, төмендету және алып тастау қағидаларын бекіту туралы» ҚР ИМ 2018 жылғы 16 наурыздағы №208 бұйрығы.

16. «ҚР Ішкі істер органдарының қызметкерлеріне ақшалай ризықты, жәрдемақылар мен басқа да төлемдерді төлеу қағидаларын бекіту туралы» ҚР ИМ 2014 жылғы 14 қарашадағы №808 бұйрығы.

17. «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тартудың тәртібі, нысандары және түрлері туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2004 жылғы

18. Қызылов М.А. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы. Оқу құралы. – Астана, 2004. – 240 бет.

19. Қызылов М.А., Карпекин А.В. ҚР әкімшілік құқығы. Оқу құралы. (схемалар). – Алматы. Жеті-Жарғы, 2002. – 464 бет.

20. <https://www.wikiwand.com/kk>